

# «ЖЕҢІСКЕ 80 ЖЫЛ» МЕДАЛІМЕН КІМДЕР МАРАПАТТАЛАДЫ?

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақжамыт Ақшамы Газеті

Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев:

## БАСҚАРМА МЕН ОНЫҢ БАСШЫСЫНА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛЕДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай актив отырысы өтті. Оған селекторлық режимде қала, аудан әкімдері, басқарма, департамент басшылары мен ардагерлер қатысты. Мәжілісте Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімімен Қызылорда облысының дін істері басқармасының басшысы лауазымына тағайындалған Мира Қазбекова таныстырылды.

«Мира Жомартқызы - аймақтың әлеуметтік-саяси ахуалымен жақсы таныс, мемлекеттік қызметте мол тәжірибе жинақтаған, облыстың мәдени-рухани өмірін дамытуға зор үлес қосқан білікті маман. Басқарма мен оның басшысына маңызды міндеттер жүктеледі. Атап айтқанда, діни

қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, өңірдегі діни тұрақтылықты толыққанды бақылау, діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани білім беру ұйымдарының қызметін зерделеу және талдау керек. Жастарды діни экстремистік әрекетке тартуға жол бермеу, азаматтардың бойында деструктивті діни идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыру бағытында жұмыс атқаруды тапсырамын», - деді Н.Нәлібаев.

Мира Жомартқызы 1984 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде қазақ тілі мен әдебиеті, экономика, "Болашақ" университетінде заңтану мамандықтары бойынша білім алған. Еңбек жолын 2005 жылы мемлекеттік

қызметшілерді және бюджеттік сала қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру өңірлік орталығында бастаған.

Әр жылдары Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары, Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, Қызылорда қаласы әкімінің аппаратының басшысы, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының басшысы лауазымдарында абыройлы қызмет еткен. 2023 жылдың қаңтар айынан осы күнге дейін Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы қызметін атқарып келді.

Басшыдан бір тілек

Дін істері басқармасының басшысы М.Қазбекова:

## ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ ЖЕҢІЛ ЕМЕС

Мемлекеттік қызметтегі тағы бір жауапты меже түйінделді. 2 жылдан аса уақыт Алаштың анасының мазмұны бөлек мәдениетіне, төл өнеріне, Сыр бойының санлақ сазы мен жауһар жырына еңбек ету бұйырыпты. Бұл - өмір тарихындағы ерекше мезет. Өте көп тәжірибе жинадым. Аймақ басшысының тікелей қолдауымен жүзеге асқан іргелі істердің маңайында жүрдік. Руханият қайраткерлерінің ақ батасына, өнерсүйер қауымның ақ тілегіне бөлендік, жерлестеріміздің ризашылығына кенелдік. Талантты тағдырлармен тізе қостық. Айтып болмайтын, қайтып келмейтін сөздер, қайталанбас шаралар өтті. Бұл сөздердің бәрінде мені Нұрлыбек Машбеқұлы бастаған облыс активі, халық қалаулылары, басқармадағы, мәдениет мекемелеріндегі, аудандардағы әріптестерім қолдап, Сыр таланттары бір ауыздан бастамаларымызға зор ықылас танытып, ерекше қанаттандырды. Өсіресе, облыс әкімінің дәнекер болуымен құрылған симфония оркестрі, хор капелласы, "Арман" инклюзивті театры, "Ай-Ару" би ансамблі, "Анаға тағзым" және "Отбасы орталығы", Жастар театры, Жыраулар үйі жұмысын бастағандағы жерлестеріміздің қуанышын сезіну маған үлкен бақыт сыйлады. Шығармашылық сапарлар Астана, Алматы қалаларынан басталып, Еуропа терінде қонырау қаққан төл өнеріміз, Италия, Ресей, Белоруссия мемлекеттерінде



толысқан шеберліктер, бәрі-бәрі дәл бүгінгідей есімде. Ал, енді мәдениеттің қазанында қайнап жүрген 40 отбасына берілген қызметтік пәтер, Сыр тарландарына табысталған "Тұран" сыйлығы, әр ауылда, әр ауданда, әр мәдениет ошағында қалыптасқан "Адал адам" мәдени-тәрбие орталықтары-өңір мәдениетінің жеңісі. Барлығы үшін ризамын!

Бүгін табысталайын жатқан жауапкершіліктің де жүгі жеңіл емес. Тынбай еңбек етуіміз қажет. Мәдениет саласы сыйлаған шабыт маған күш берді, ерекше талпыныс берді. Соның бәрі халық ісінде қажыр-қайрат тіпелатынына сенемін! Жақсы жаңалықтармен қауышайық, тіпелулес қауым!

(Facebook парақшасынан)

## ТАРИХИ, ҰЛТТЫҚ, МӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕРДІ ДАМЫТАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кадрлық өзгерістерге орай өткен актив отырысында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының жаңа басшысы Жанмұрат Сейіловті таныстырды.

Жанмұрат Жақсымұратұлы 1985 жылы Жамбыл облысы, Қаратау қаласында дүниеге келген. Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде «тарих, құқық және экономика негіздері», Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтары бойынша білім алған.

Еңбек жолын Қызылорда облысы әкімі аппаратының инспекторы ретінде бастаған. Әр жылдары Қызылорда қаласының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы, қалалық мәслихаттың, қала әкімі аппаратының басшысы, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы лауазымдарында қызмет еткен. 2024 жылдың қыркүйек айынан осы күнге дейін Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары лауазымын абыроймен атқарып келді.

Облыс әкімі жаңа басшыға өңірдегі тарихи-мәдени мұраларды сақтау жұмысын ұйымдастыруды, тарихи, ұлттық және мәдени дәстүрлерді дамытуды жүктеді. Халық шығармашылығы, театр, кино өнері, музей жұмысын үйлестіруді, кітапханаларды ақпараттандыру орталығына айналдыруды тапсырды.

Басшыға аманат

ҚР Мәдениет Қайраткері, белгілі жыршы Б.Саймағанбетов:

## ӨЗІҢДЕЙ АЗАМАТТЫҢ ТІЗГІН ҰСТАУЫ – ҮЛКЕН ҮМІТТІҢ БАСТАУЫ

Сырдың мәдениеті мен өнеріне басшылық қызметке келгенің құтты болсын, Жанмұрат інім!

Бұл – үлкен жауапкершілік, ұлттың рухани болмысына, тарихи жадқа қызмет етудің биік сатысы. Сыр өңірінің мәдениеті – жай ғана аймақтық құндылық емес, бұл – бүкіл түркінің, күллі адамзаттың ортақ мұрасы.

Сонау Сақтар мен Массagetтердің жауынгерлік рухы мен дүниетанымынан,

Оғыздардың ұлы өркениетінен, Ғұндардың қайсарлығынан нәр алған бұл мәдениет ғасырлар бойы үзілмей жалғасып келеді. Қорқыт атадан қалған қобыз сарыны, Ұлы Жібек жолының бойындағы қалалардан тараған өркениет сәулесі – осы өңірдің тарихи-мәдени өзегін құрайды.

Сыр бойы – сөз өнерінің, ән мен жырдың, терме мен толғаудың алтын бесігі. Аймақтан шыққан жыраулар мен ақындар, өнер мен

ғылымның тарландары – ұлт руханиятының алтын қазынасы. Енді осы ұлы дәстүрге жаңаша тыныс беріп, рухани жаңғыруға үлес қосатын сендей азаматтың тізгін ұстауы – үлкен үміттің бастауы.

Ісіңе сәттілік, жолың ашық болсын!

Тарихтың тереңінен тамыр тартқан Сыр мәдениетіне жаңа леп әкеліп, жаңғыру мен жаңаруға қадам басысың деп сенемін!

(Facebook парақшасынан)

Биылғы жылдың 26 наурызында Президент жарлығына сәйкес Мерекелік медальмен:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушылар, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезінде, майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет өткерген әскери қызметшілер, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері;

2) Ұлы Отан соғысы кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдар, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезінде майданда, ұрыс қимылдары ауданында, майдан маңындағы теміржол учаскелерінде, қорғаныс шептерінің, әскери-теңіз базалары мен әуеайлақтардың құрылыс жайларында жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілері, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілер;

3) майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысканы үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол калаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет өткерген әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

4) Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысканы үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол калаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының адамдары;

5) Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шет елдердің аумағында партизандық жасақтар, астыртын топтар және басқа да фашизмге қарсы құралымдар құрамында фашистік Германияға және оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдар;

6) Ленинград қаласындағы қоршау кезінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған азаматтар;

7) Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарындағы қомалетке толмаған тұтқындар;

8) қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі

«Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске

80 жыл» бірыңғай мерекелік медалі туралы

2025 жылғы 26 наурыз

1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнінің 80 жылдығы құрметіне, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің ерлігіне, қаһармандығы мен қайсарлығына терең құрмет көрсете отырып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» бірыңғай мерекелік медалі тағайындалсын.

2. Мыналар:

1) «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» бірыңғай мерекелік медалімен наградтау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар);

2) «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» бірыңғай мерекелік медалінің сипаттамасы бекітілсін.

3. Қағидаларға сәйкес Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері және өзге де адамдар «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» бірыңғай мерекелік медалімен наградталсын.

4. Осы Жарлық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ.Тоқаев

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 26 наурыз

№ 825

салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген, бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

9) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар;

10) 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамыр аралығындағы кезеңде кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар;

11) Ұлы Отан соғысы кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектігі бар қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған жайы (жұбайы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған жайы (жұбайы);

12) Ұлы Отан соғысында каза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлері наградталады.

## КӨБЕЙІП КЕЛЕМІЗ...

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше биылғы жылдың 1 наурызына қазақстандықтардың саны 20316155 адамға жеткен. Оның ішінде қала халқы 12813769; ауыл халқы 7502386 адам болса, әйелдер саны 10388760, ерлер саны 9927395 болып, қай кезегідей әйелдер ерлерге қарағанда көп болып тұр.

Халықтың өсу динамикасына зер салғанда 2009-шы жылдан бастап ауыл халқының саны азая бастағаны, қалалықтардың сол ауылдықтар есебінен көбейіп отырғаны байқалады. Сондай-ақ Ұлттық статистика бюросының 1 қаңтардағы мәліметі бойынша жыл басында елімізде 20286084 адам болғанын, 1 наурызға адам саны біршама өскенін байқаймыз. 2024-ші жылы қазақстандықтардың саны 252242 адамға артқан болса, биыл халық саны анағұрлым көбейетіні байқалады.

Жыл басына қарағанда наурыз айына қарай қалалықтар көбейіп, тағы да ауылдықтардың қатары азайып отырғаны байқалады.

Мәселен, жыл басына қалаларда 12774743 адам болса, 1-ші наурызға 12813769 адам. Ал жыл басында ауылдық жерде 7511341 адам тұрса, 1-ші наурызға 7502386 адам.

Тағы бір ақпаратқа зер салар болсақ, 2023-ші жылдың қорытындысы бойынша демографиялық процестерге талдау жасаған Бірыңғай Жинақтау Зейнетақы Қорының хабарламасы бойынша 2050-шы жылдың соңына қарай Қазақстан халқының саны 26,3 млн. адамға жетеді.

Мамандардың болжамы бойынша елдегі өмір сүру ұзақтығы мен қарттардың үлесі артып келеді.

Орта есеппен әрбір алтыншы қазақстандық 60 жастан асқан болатын көрінеді.

Бала туу көрсеткішінің де төмендеп келе жатқанына қарап 2050 жылға қарай бір әйелге 2,42 баладан келеді деп болжам жасапты. Туу көрсеткіші азайып, өмір сүру ұзақтығы артқан сайын әрбір жұмысшыға түсетін жүк те ауырлай түседі екен.

Еңбекке қабілетті халықтың зейнеткерлерге шаққандағы үлесі 2050 жылға қарай 1,4 есеге 5,49-дан 4,05-ке дейін төмендейтін көрінеді. Бұл келешекте еңбекке қабілетті халыққа жүктемені айтарлықтай арттыратыны рас.

## ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ 7 СӘУІРДЕ АЯҚТАЛАДЫ



Қызылорда қаласында күнтізбелік 5 күн ішінде гидррометеорологиялық қызмет тіркеген сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы +8° С және одан жоғары болуына байланысты 2024-2025 жж. жылу беру маусымы 7 сәуірде аяқталады

**2025 жылғы 27 наурыз айының хабарламасына қосымша:**

ҚР Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен 2025 жылғы наурыз айының 20 жұлдызындағы № 09-НҚ бұйрығымен бекітілген, ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК-ның 2025-2031 жылдарға суды таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суды бұру және тазарту қызметтері бойынша, 2025 жылдың мамыр айының 01 жұлдызынан бастап енгізілетін жаңа тарифтер

№ п/п	Қызмет/тұтынушы атаулары	Өлшем бірлігі	ҚҚС-сыз тарифі	ҚҚС-мен тарифі (12%)
1	2	3	4	5
1	1-кіші топ - 1 адамға шаққанда айына 3м3-ке дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар;	тенге/м3	69,42	77,75
2	2-кіші топ - 1 адамға шаққанда айына 3м3-тен астам 5м3 -ке дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар;	тенге/м3	83,30	93,30
3	3-кіші топ - 1 адамға шаққанда айына 5м3-тен астам 10м3 -ке дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына су тұтыну көлемі және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) үстемелеп толтыру көлемі шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық ысыраптар көлемінің шегінде жылу энергиясын беруден және бөлумен айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар;	тенге/м3	104,13	116,63
4	4-кіші топ - 1 адамға шаққанда айына 10м3-тен астам реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар және суды есепке алудың жеке аспаптары жоқ жеке тұлғалар;	тенге/м3	138,84	155,50

**Дополнение к объявлению от 27 марта 2025 года**

Тарифы ГКП на ПХВ «Кызылорда су жүйесі» на 2025-2031 гг. по услуге подача воды по распределительным сетям, отвод и очистка сточных вод, утвержденные Приказом Департамента комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК по Кызылординской области № 09-ОД от 20 марта 2025 года, вводимые 01 мая 2025 года.

№ п/п	Вид услуги	Ед. изм.	Тарифы без НДС	Тарифы с НДС (12%)
1	2	3	4	5
1	Услуга по подаче воды по распределительным сетям	тенге/м3	92,56	103,67
	Средний тариф для населения	тенге/м3	69,42	77,75
	1 подгруппа - физические лица, относящиеся к категории населения, потребляющие регулируемые услуги до 3м3 в месяц на 1 человека;	тенге/м3	69,42	77,75
	2 подгруппа - физические лица, относящиеся к категории населения, потребляющей регулируемые услуги свыше 3м3 до 5м3 в месяц на 1 человека;	тенге/м3	83,30	93,30
	3 подгруппа - физические лица, относящиеся к категории населения, потребляющие регулируемые услуги свыше 5м3 до 10м3 в месяц на 1 человека, организации, занимающиеся производством тепловой энергии, в пределах объемов потребления воды на собственные нужды в процессе производства тепловой энергии и объемов подпитки при предоставлении услуг горячего водоснабжения (при открытой системе горячего водоснабжения), организации, занимающиеся передачей и распределением тепловой энергии, в пределах объемов утвержденных нормативных технических потерь, и организации, предоставляющие регулируемые услуги во сфере водоснабжения и (или) водоотведения;	тенге/м3	104,13	116,63
	4-я подгруппа - физические лица, относящиеся к категории населения, и физические лица, не имеющие индивидуальные приборы учета воды;	тенге/м3	138,84	155,50

**2025 жылдың II-тоқсанына арналған Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының және департамент басшысы орынбасарларының жеке тұлғалар және заңды тұлғалар өкілдерін қабылдау кестесі**

р/с	Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Байланыс телефоны	Қабылдау күні мен уақыты
1	Күзембаев Ербол Қабаштайұлы	Департамент басшысы	23-38-09	Әр аптаның сәрсенбісі, сағат 15.00-16.00-ге дейін
2	Умербаева Майрамқұл Ахатовна	Департамент басшысының орынбасары	23-37-35	Әр аптаның жұмасы, сағат 16.00-17.00-ге дейін
3	Әбенев Тағат Оразбекұлы	Департамент басшысының орынбасары	20-22-20	Әр аптаның сәрсенбісі, сағат 16.00-17.00-ге дейін

Мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Жалантөс Баһадүр көшесі, 2.  
Байланыс тел.: 8 (7242) 23-38-09. E-mail: [fink.kvzv@minfin.gov.kz](mailto:fink.kvzv@minfin.gov.kz)

**Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2025 жылдың II тоқсанына арналған жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ**

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті	Бердібаев Ерлан Құлахметұлы	Бердібаев Ерлан Құлахметұлы Департамент басшысы	Сәрсенбі Сағат 16-00 ден 18-00 дейін	Қызылорда қаласы Д.Қонаев көшесі 7А	8724-2-270301
	Омаров Серік Серікбайұлы	Омаров Серік Серікбайұлы-Департамент басшысының орынбасары	Сейсенбі Сағат 17-00 ден 18-00 дейін	Қызылорда қаласы Д.Қонаев көшесі 7А	8724-2-270301

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті 8724-2-270301 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

**2025жылғы II тоқсанда Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаментінің басшыларының азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ**

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті	Дүйсенбаев Әуезбек Сейткамалұлы	Дүйсенбаев Әуезбек Сейткамалұлы Басшы	Сәрсенбі Сағат 16°-18°	Қызылорда қаласы Д. Қонаев көшесі, 7А	8724-2-262362
	Бердиева Жамалхан Қонақбаевна	Бердиева Жамалхан Қонақбаевна Басшының орынбасары	Сейсенбі Сағат 16°-18°	Қызылорда қаласы Д. Қонаев көшесі, 7А	8724-2-262140
	Келдибаева Данагүл Қылышбековна	Келдибаева Данагүл Қылышбековна Басшының орынбасары	Дүйсенбі Сағат 16°-18°	Қызылорда қаласы Д. Қонаев көшесі, 7А	8724-2-274959
	Ақмырзаев Мамбетәлі Сейтжапбарұлы	Ақмырзаев Мамбетәлі Сейтжапбарұлы Басшының орынбасары	Бейсенбі Сағат 16°-18°	Қызылорда қаласы Д. Қонаев көшесі, 7А	8724-2-262201

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда облысының Қазынашылық департаменті (8724) 26-17-84 «сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды. Аудандық, қалалық қазынашылық басқармалар бойынша: Арал (8724-33)22384, Қазалы (8724-38)22101, Байқоңыр (8336-2)273818, Қармақшы (8724-37)21443, Сырдария (8724-36)21351, Жалағаш (8724-31)31831, Шнелі (8724-32)41067, Жаңақорған (8724-35)22083.

## ЖАЛАҒАШ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНА ХАБАРЛАНДЫРУ !

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының м.а 24.07.2015 жылғы №190бұйрығынжәнеБалық шаруашылығы су айдындарында «Уылдырық шашу» балық қорғау акциясын өткізу туралы іс шарасына сәйкес Сырдария өзенінде 1 сәуірден 31 мамырды қоса алғанда және Қызылорда облысы шегіндегі су айдындарында 20 сәуірден 10 маусымды қоса алғандағы аралықта балық ресурстары мен басқада су жануарларының уылдырығын сапалы шашуын және көбейтуін қамтамасыз ету мақсатында балық аулауға тыйым салынғандығын хабарлаймыз.

Тыйым салынған уақыттарда заңсыз балық аулау кезінде әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықболып табылатынынедененен шығармайық.

**«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ**

**«Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының 2025 жылдың II-тоқсанға арналған жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі**

Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Сенім телефоны
Омаров Асет Турмаханович	Дүйсенбі	16:00-18:00	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Ораз ахун көшесі №44 үй	2-12-44

**Қармақшы ауылдық округі әкімінің 2025 жылдың II тоқсанында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі**

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін қызметкердің аты –жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін қызметкердің лауазымы	Қабылдау жүргізетін күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қармақшы ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Ескараев Аязбек Тайжанович	Қармақшы ауылдық округі әкімі	Апта сайын Сәрсенбі, бейсенбі күні: сағат 17.00-19.00-ге дейін	Қармақшы ауылы, Сейфуллин көшесі, №6 үй	26-2-65

Сенім телефоны 8(72437)26-2-65

**«Жінішкекүм ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының 2025 жылдың II тоқсанына жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі**

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні, лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен-жай	Байланыс телефоны
«Жінішкекүм ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Әлішев Мұхандерік Қуандықұлы ауыл әкімі	Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері (сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін)	Арал ауданы Тоқабай ауылы, Қ.Бердімағанбетов көшесі №128 үй	8(724 33-4-40-01)

## ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСТІҢ ТИІМДІЛІГІ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев ұлттық сот төрелігі жүйесіне ерекше назар аударуды, азаматтар, кәсіпкерлер және инвесторлар судьялардың бейтарап, әділ шешім шығаратын сеніміне не болу қажеттігін атап өтті.

Қазіргі уақытта сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңайлату, оны басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылту, жаңа кәсіптік білікті кадрларды сот төрелігін жүзеге асыруға тарту, жаңа ақпараттық технологияларды белсенді ендіруде.

Сот төрелігінің халықтың соттарға деген сенімін арттырып, орнықтыру-басты мақсат.

Осы мақсатты жүзеге асырудың бір маңызды тетігі - 2021 жылдың I шілдесінен бастап қолданысқа енген Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (бұдан әрі – Кодекс) болып табылады.

Кодекс өз кезегінде әкімшілік рәсімдерді және әкімшілік сот ісін жүргізу бөліктерінен тұрады.

Әкімшілік әділет жүйесінің басты мақсаты жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу болып табылады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс 2021 жылдың I шілдесінен бастап қолданысқа енуіне орай «Әкімшілік рәсімдер туралы» және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының күші жойылды.

Кодекстің басты ерекшеліктері мен басымдықтарының бірі - әкімшілік рәсімдер жүргізуде, яғни жария-құқықтық қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын кеңейту, күшейту екені анық. Мәселен, Кодексте әкімшілік рәсімдер жүргізу барысында азаматтардың соттағы процестік құқықтары

болып табылатын шаралар көзделген, атап айтқанда әкімшілік іс материалдарымен танысу, әкімшілік органның лауазымдық тұлғасына қарсылық білдіру, алдын ала әкімшілік актінің жобасымен танысып, оған өзінің түсіндірмелерін беру, өз сөзін тыңдату құқығы және т.б.

Әкімшілік сот төрелігі ұлттық заңнамада алғаш рет енгізілуде, бұл институттың принциптері мүлдем басқа және Кодекстің тиімділігін арттырады.

Олар әділдік, мөлшерлестік, әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері, құқықтар басымдығының қағидаты, сенім құқығын қорғау, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу, анықтық презумпциясы, соттың белсенді рөлі, әкімшілік сот ісін жүргізудің ақылға қонымды мерзімі болып табылады. Сондықтан жаңадан құрылған мамандандырылған әкімшілік соттарда мұндай санаттағы істер мүлдем басқа критерийлер мен принциптер арқылы қаралады.

Кодекс сот шешімін орындауды бақылау құзіретін жаңадан құрылған әкімшілік соттарға жүктеген, бұл әрине осы маңызды саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын күшейтеді.

Қорыта келе Кодекс мемлекеттік құрылымдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттырып, мемлекеттік органдардың шешім қабылдау процесінде және сотта мемлекеттік органдармен дауларды қарау кезінде азаматтар мен бизнестің құқықтарын қорғауға септігін тигізетіні сөзсіз.

**М.Е.АСАНОВ**  
Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика және  
арнайы есепке алу комитетінің  
Қызылорда облысы бойынша  
департаментінің бөлім аға прокуроры

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күелігі берілген.	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Сурет сапасына редакция жауап бермейді

## ТАЛЛИНДІКТЕР ТАҢҚАЛДЫ



Шараны 30 мемлекеттің елшілері мен дипломаттары, жергілікті қазақтар мен таллиндіктер барлығы 200-ден астам көрермен тамашалады. Келуші қонақтарға қазақтың түрлі ұлттық тағамдары ұсынылып, наурыз дәмі үлестірілді.

Эстон фольклоры қазақ ауыз әдебиеті секілді ұрпақ бойына сан ғасырлық тағлым сипіретін мұраға бай, яғни біздің халықтың мәдениетімен мазмұндақ келеді. Терең тәрбие мен сыйластыққа шақырады. Сол себепті жиналған қауым өнер сапарымен келген шығармашылық ұжымды зор қошеметпен қолдады. Мерекелік концерт «Жарапазан» жырымен басталып, қазақ дәстүрімен шашу шашылды. «Тойбастар» шыркылып, Наурыз-думанға қатысқан қала тұрғындары мен қонақтар, диаспора мүшелері мен шетелдік студенттер қазақ музыкасы және дәстүрлері жайлы мол мағлұмат алды.

Ұлттық музыканың ұлы жауһарларын төрткүл дүниеге танытып жүрген «Ақмешіт» фольклорлық ансамблінің (Жетекшісі – Нұрғиса Нұрбай), Сыр мәдениетінің майталмандары Руслан Ахметов, Шолпан Бимбетова, Самал Байсейітова, Ақмарал Ноғайбаева, Марат Сүгірбай, айтыскер ақын Мұхтар Ниязов, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары Бағдәулет Қарғабаев, Сымбат Тасбергенова, Мағжан Аманжолов, Ақылбек Табынбаев, Тоқтар Ағыраев, Ақнұр Аманбаева, Сәбит Ділдабаев, Алмас Әлжанов, Заманбек Нысанбаев, Арман Төлештің өнерін таллиндік талғампаз көрермен жоғары бағалады.

Концертке келушілерге ұлттық нақышта жасалған сый-сияпаттар берілді.

Халқымыздың ұлттық мұрасын әлем жұртшылығына таныстыратын «NAURYZ – CELEBRATION OF SPRING» концертінің кезекті қойылымы Эстонияның Таллин қаласында өтті. Қазақтың дәстүрлі музыкасы мен өнерін ұлықтаған Қызылорда облыстық филармониясының өнерпаздары қазақтың ән-жырын әулетіп, көрермен ықыласына бөленді.

Концерттің ашылуында сөз аяған Қазақстан Республикасының Эстония Республикасындағы Елшісі Алтай Күлгін өз сөзімен концертке қатысқан аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевқа алғысын айтты.

Өнерпаздар сахнадан жібергісі келмей, бірге суретке түсіп, ыстық лебіздерін білдірген. Осы ілтипат Эстония мен Испанияда да жалғасын тапқан.

## ШЕТЕЛГЕ БАРҒАН ӨНЕРПАЗДАР РИЗА

Наурыздың 24-27 күндері аралығында Қызылорда облысының өнерпаздары Финляндия, Эстония және Испания елдерінде болып, қазақтың бай мәдени мұрасын паш етті. Шетелде өткен шығармашылық сапар өнер арқылы елдер арасындағы мәдени байланыстарды нығайтып, алыста жүрген қандастарға рухани азық болды. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өнерпаздар өз сапарынан алған әсерлерімен бөлісті.

Айтыскер ақын Мұхтар Ниязовтың айтуынша, сырбойылық өнерпаздардың жыр-күйлері шетелдік көрерменнің ерекше ықыласына бөленген. Әсіресе, Финляндиядағы алғашқы концерттен кейін жергілікті халық қазақ өнеріне тәнті болып,

өнерпаздарды сахнадан жібергісі келмей, бірге суретке түсіп, ыстық лебіздерін білдірген. Осы ілтипат Эстония мен Испанияда да жалғасын тапқан.

Әнші Самал Байсейітова бұл сапардың ерекше болғанын атап өтті. Бұған дейін де шетелде өнер көрсеткенмен, бір ғана елмен шектелсе, бұл жолы үш мемлекетте қазақ өнерін насихаттаудың сәті түскен. Концерт барысында ұлттық киімдеріміз жергілікті халықтың қызығушылығын тудырып, шетелдегі қандастарымызға туған жердің жылуын сезіндірді. Кейбірі сағыныштан көзіне жас алған сәттер де болды.

Дәстүрлі әнші Руслан Ахметов қазақтың ұлттық өнерін дәріптеу үлкен жауапкершілік екенін айтты. Бұл жолы

өнерпаздар Наурыз мейрамын тойлау аясында ұлттық дәстүріміз бен тағамдарымызды да таныстырған. Шетелдік көрермендердің зор ықыласы мен қошеметі сапардың маңыздылығын айшықтай түсті.

«Ақмешіт» фольклорлық ансамблінің әртісі Алтынай Берденова да қазақ өнерін шетелде таныстыру үлкен мәртебе екенін жеткізді. Ол бұл сапардың тарихи мәні барын атап өтіп, өнерпаздарға қолдау көрсеткен аймақ басшылығына ризашылығын білдірді.

Осылайша, қызылордалық өнерпаздар Еуропаның үш бірдей елінде қазақтың дәстүрлі өнерін паш етіп, ұлттық мәдениетімізді насихаттауға өз үлестерін қосты.

## ЕУРОПАДАҒЫ ӨНЕР КҮНДЕРІ ИСПАНИЯДА ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Қызылорда облысының Финляндия, Эстония мемлекеттерінде өткен өнер күндері одан әрі Испанияның Мадрид қаласында жалғасып, Ұлыстың ұлы күніне арналған концертпен қорытындыланды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен ұйымдастырылған осы өнер сапары барысында Еуропа жұртшылығы Наурыз мерекесінің тарихи және мәдени маңызы туралы мол ақпаратқа қанықты. Сапардың мақсаты да осы, яғни қазақ халқының ұлттық мұрасын әлем жұртшылығына таныстыру, шығармашылық ұжымдармен тәжірибе алмасу болатын.

алғыс білдірді.

Бай мәдениеті, тарихы және тамаша табиғатымен өйгілі Испания елі өзінің тамыры терең өнерін, ғажайып сәулетін мақтанш етеді. Қазақтың дәстүрлі музыкасы мен ұлттық өнерінен үндестік тапқандықтан, көрермен қауым сахнада шырқалған ән-жырға, жалпы концерттік бағдарламаға зор қызығушылық танытты.

Қызылорда облыстық филармониясының өнерпаздары күн мен түннің теңелетін, күллі тіршілік қайта түлейтін табиғат мерекесінің бар бояуын жарқыратып ұсынды. «Жарапазан» айтылып, қазақтың



«NAURYZ – CELEBRATION OF SPRING» атауымен өткен концертке көрермен көп жиналды. Онда Қазақстанның Испания Корольдігіндегі төтенше және өкілетті елшісі Данат Мұсаев пен Леганэс қаласы әкімінің орынбасары Дельгадо Карлос сөз сөйлеп, Сыр елінің өнерпаздарына

игі дәстүрімен шашу шашылды. Наурыз-думанның басталғанын «Тойбастар» әнімен көрсетіп, қала тұрғындары мен қонақтарына, диаспора мүшелеріне, қазақстандық және шетелдік студенттерге ұлт қазынасының мол мұрасы туралы мағлұмат берді.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЦИФРЛАНДЫРУ – ХАЛЫҚ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде мемлекеттік қызметтерді дамыту және цифрландыру, Үкімет қаулыларының жобалары қаралды.

Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелер талқыланып, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

- «Мемлекеттік қызмет көрсетуде заң бұзушылықтың алдын алып, бақылауды күшейтіңіздер. Қызмет көрсетуші мекемелерге нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын жүйелі түрде түсіндіріңіздер. Барлық мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметтердің сапалы көрсетуін үйлестіріңіздер».

Алдыңғыда өте жауапты су қабылдау кезеңі тұр. Өңірдегі су шаруашылығы нысандары науқанға толық дайын болуы тиіс. Су шаруашылығы мекемелерінің басшылары, Қызылорда қаласы, аудан әкімдерімен бірлесіп, 10 күн ішінде су нысандарының дайындығын, канал тазалау жұмыстарын зерделеп, нәтижесін баяндаңыздар. Су шаруашылығының жағдайын, егіс пен экологиялық мұқтаждыққа қажетті су көлемінің тиісті деңгейде бөлінуін қатаң бақылауға алыңыздар.

Биылғы оқу жылының аяқталуына да аз уақыт қалды. Маусымның бірінші күнінен жазғы тынығу лагерлері жұмысын бастайды. Каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және қосымша білім алуын ұйымдастыру өте маңызды. Білім басқармасы қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, демеушілер есебінен балаларымыздың өзге өңірлерде де тынығуын үйлестіріңіздер», – деді Н.Нәлібаев.

Өңірде мемлекеттік мекемелер 184 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді. Мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуды арттыру мақсатында жергілікті атқарушы органдарда, білім беру ұйымдарында, емханалар мен ауруханаларда 960 өз-өзіне қызмет көрсету бұрышы ашылып, жұмыс жасауда.

Өткен жылы 5 563 096 мемлекеттік қызметтің 98,6%-ы электрондық үкімет веб-порталы мен ақпараттық жүйелер арқылы көрсетілді.

Бұдан бөлек өңір тұрғындарын мемлекеттік қызметтерді онлайн алу дағдыларына үйрету арқылы цифрлық сауаттылығын арттыру мақсатында Жол картасы бекітілді. Тұрғындар арасында, студенттерге, жоғары сынып оқушыларына электронды қызметтерді алуды оқыту семинарлары ұйымдастырылуда.

## ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРА АЛМАЙ ТҰРМЫЗ?

Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде коммуналдық және өнеркәсіптік қалдықтарды басқару мәселелері талқыланды. Ресми ақпарат көздерінің таратқан деректері бойынша отырыс барысында Премьер-министр қалдықтардың жиналып қалуы бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің біріне айналғанын атап өткен. Ғылыми зерттеулер қалдықтарды басқару мәселесіне жете көңіл бөлмеудің салдары экологиялық ахуалға, халықтың денсаулығы мен тұрмыс сапасына әсер ететінін көрсетіп отыр деген Үкімет басшысы.

- «Қалдықтарды басқару жүйесін дамыту үшін бытыр елімізде арнайы жеңілдікпен қаржыландыру тетігі бекітілген болатын. Бүгінде 94 жобадан тұратын нұл жасасқалды. Алайда, оларды іске асыру барысы мүлдем мардымсыз. Бүгінде 67 жоба қаралған. Соның 6-уы ғана 4 млрд. теңге сомасында қаражатпен қамтамасыз етілген. Бұл жобаларды дайындау барысында әкімдіктердің тарапынан үйлестіру шараларының жеткіліксіз екенін білдіреді».

Дұрыс тәсілдерді қолдану арқылы қалдықтарды жойып қана қоймай, олар өңделіп, қайтадан қолдануға тейленуі тиіс. Сондықтан да озық елдердің осы саладағы тәжірибесін менгеру керек. Ал мұндай жобалар бізде баршылық. Отандық тау-кен компаниялары қалдықтарды қайта өңдеп, 30-ға жуық өнім түрін шығаратын жобаларды бастады. Олардың ішінде құрылыс материалдары мен тынайықштар шығаратын және басқа да көптеген жобалар бар», – деп сөзін қорытындылады.

Премьер-министр Экология және табиғи ресурстар министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 1 қыркүйекке дейін Қалдықтардың барлық түрін басқару тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырыпты.

Сондай-ақ Экология және табиғи ресурстар министрлігі Өнеркәсіп қорымен және әкімдіктермен бірлесіп, қалдықтарды басқару саласындағы жобаларды іске асыру жұмысын күшейтіп, 3 ай мерзімде бекітілген тізімнің ішінен қаржы бөлінген жобалар

санын 5 есеге арттыру қажет. Өңір әкімдіктері қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу жөніндегі әрбір жобаға олар іске қосылғанша толық қолдау көрсетуі керек.

Экология, Энергетика министрлігі әкімдіктермен бірлесіп қалдықтарды энергетикалық қадеге жарату саласындағы жобалардың тізбесін айқындау қажет. Сәуір айында инвесторлар тарту үшін аукцион ұйымдастырылуы керек. Міне, осындай тапсырмаларға толы үкімет жиынына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Бұл ретте өңір құралақан емес. Істеліп жатқан тірлік жетерлік.

Өңірде коммуналдық және өнеркәсіптік қалдықтарды басқару бағытында жұмыс жасайтын 24 кәсіпкерлік субъектісі бар. Өткен жылы жиналған 303 мың тонна коммуналдық қалдықтың 91 мың тоннасы, 135 мың тонна өнеркәсіптік қалдықтың 107 мың тоннасы өңделді. Мемлекет басшысының ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттар салу тапсырмасына сәйкес «Жасыл Даму» акционерлік қоғамымен бірлескен жұмыстар атқарылуда. Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару саласында 42 млрд. 504 млн. теңгеге 9 жобаны жүзеге асыру жоспарланған.

Облыс орталығында 41 млрд. 200 млн. теңгеге 3 жоба қолға алынып, инженерлік инфрақұрылым желілері жеткізілген. Оңтүстік Корея технологиясы бойынша құны 9 млрд. 535 млн. теңге болатын қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және қадеге жарату зауытының құрылысы басталды. Онда жылына 300 мың тонна қалдықтарды сұрыптау, қалдықтарды өртеу арқылы электр энергиясын өндіру көзделуде.

Мамыр айында шыны ыдыстар өндіру жобасын бастау жоспарланған. Жылына 220 млн. бөтелке шығаратын зауытқа шикізат ретінде республика аумағынан жинақталатын шыны қалдықтары қолданылмақ. Одан бөлек қала аумағындағы тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және өңдеу жобасының құжаттары әзірленуде.

## НАУРЫЗДЫҢ СОҢҒЫ СЕНБЫЛІГІ

Өткен аптаның сенбесінде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында өңірдің қала, ауыл, елді мекендерінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейткіш-қоғалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Тазалық шараларына 80 мыңнан астам еріктілер, қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері қатысты.

Көпшілік біркісідей атсалысқан тазалық жұмыстарынан кейін 3 300 тоннадан астам қоқыс қалдығы шығарылды. Елді мекендердегі скверлер мен парктар, тарихи мәдени ескерткіштер, әлеуметтік нысандар, өнеркәсіп және бизнес нысандары, су объектілері мен көшелердің бойы тазартылды. Оған 600-ден астам техника жұмылдырылды. Бүгінде облыс аумағына 9560 түп тал отырғызылды.



## ЖЫЛУ-ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ ҚАЛАЙ?

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен республикалық кеңес өтті. Күн тәртібінде жаңа энергетикалық қуат көздерін ұлғайту, батыс өңірінің желілерін бірыңғай энергетикалық жүйеге қосу, оңтүстік өңір желілерінің қуатын күшейту, энергия үнемдеу және тиімділігін арттыру мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен Қызылорда қаласында 215 млрд. теңгеге қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығы салынууда. Бүгінде инвестор «Акса Энерджи» түрік компаниясы жылу орталығының құрылысына 137 млрд. теңгеден астам инвестиция құйып, жұмыстың 70 пайызы аяқталды.

Жаңа станция облыстық электр энергиясына деген қажеттілігін толығымен қамтамасыз етіп, өндірілген электр энергиясының бір бөлігін өзге өңірлерге сатуға мүмкіндік береді. Биыл 4 тоқсанда аймақ үшін ерекше маңызы бар нысан ел игілігіне пайдалануға беріледі. Жаңа орталыққа бюджет есебінен 15 млрд. теңгеге газ құбыры тартылды.

Президент тапсырмасына сәйкес оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау үшін Катар еліне іссапар кезінде қуаттылығы 1100 МВт, құны 800 млрд теңге болатын бу-газ қондырғысын салу келісілді. Жаңа бу-газ қондырғылары Сырдария ауданының аумағынан берілген 280 гектар жерге салынады. Аталған мегажобаны 2028 жылы толығымен іске қосу жоспарланған.

Қазіргі таңда техника-экономикалық негіздемесі әзірленуде. Жоба аясында «Қызылорда-Жезқазған» және «Қызылорда-Шымкент» 500 киловольттық жоғары қуатты желісі тартылады.

Аймақта 10 мыңнан аса шақырым электр желісі мен 2 000 аса қосалқы станция бар. Олардың тозу деңгейі 62% құрайды. Энергия үнемдеудің жаңа технологияларын қолданып, тозған желілерді азайту үшін өткен жылы 741 шақырым электр желісі мен 127 қосалқы станция жаңғыртылды. Биыл 15 млрд. теңгеге 3 ірі қосалқы станция, 314 шақырым өуе желісі және 127 қосалқы станцияны қайта жаңғыру қолға алынбақ.

# "ҚЫЗЫЛОРДА - АРЕНА" КЕРЕМЕТ БОЛАДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы құрылыс нысандарын аралап, ондағы жұмыс барысын тексерді.

Алдымен «Қызылорда Арена» көпфункционалды кешенін салу белгіленген жерге барып, дайындық жұмыстарын көрді.

Төрт қабатты ғимарат Бейбарыс сұлтан көшесіне орналасады деп

«Қызылорда-Арена» оқу-жаттығуға, жарыстар өткізуге мамандандырылған кешен болады деп күтілуде.

Аймақ басшысы құрылыс барысында сапаға баса мән беруді, бекітілген мерзімде бастап, уақытылы аяқтауды тапсырды.

Одан кейін Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылын қайта жаңғырту барысын көріп шықты.

Өткен жылдан бері осы даңғылдың Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі Сырдария өзенінің қорғаныш бөгеті нығайтылып, 6,7 шақырымы қайта жаңғыртылуда.

Мердігер «УАД» ЖШС бұған дейін 1,2 шақырым кеңейтілетін аумаққа жол салып, асфальт төседі. Сырдария өзенінің жиегіндегі қорғаныс бөгеті тазаланып, 2,6 шақырымға жуық дамба нығайтылды, 1,4 шақырым тіреу қабырға, 820 метр жиек тұрғызылды.

Даңғылдың жалғасы ретінде Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейінгі қорғаныс бөгетін нығайту мен 2,9 шақырым автомобиль жолын салу жоспарланған.

Облыс әкімі жолды сапалы салып, уақытылы аяқтауды тапсырды.

Спорт нысанында әмбебап және шағын спорт залдары, бассейн, тренажер, сондай-ақ терешілер, жаттықтырушыларға арналған киім ауыстыратын, тағы басқа қосалқы бөлмелер, душ, конференц-зал болады. Еркін және классикалық күрес, бокс, теннис, тазквандо, самбо мен дзю-доға арналған залдар қарастырылған.

## 200-ДЕН АСТАМ БОС ЖҰМЫС ОРНЫНЫҢ ЖӘРМӨҢКЕСІ

2025 жыл – жұмысшы мамандықтарының жылы. Бұл бастама ел экономикасының маңызды салаларына білікті мамандарды тарту, жастарды кәсіптік білімге ынталандыру және еңбек нарығын дамыту мақсатында қолға алынған. Осыған орай 2025 жылғы 28 наурыз күні Қызылорда облысында «Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі» өтті. Бұл шараны облыстық қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, облыстық жастар ресурстық орталығы, Еңбек мобильді орталығы және «Мансап» орталығы бірлесіп ұйымдастырды.

Іс-шараға Еңбек мобильділігі орталығының директоры Ш. Алмашова қатысып, аймақтағы жұмыссыз азаматтарға қолдау көрсету және еңбек нарығын дамыту мәселелеріне назар аударды. Сондай-ақ, жәрмеңкеге жергілікті жұмыс берушілер, жұмыссыз азаматтар мен оқу орындарының түлектері қатысты.

Бұл жәрмеңке жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілер арасындағы тиімді байланыс орнатуға мүмкіндік берді. 24 жұмыс беруші 236-дан астам бос жұмыс орнын ұсынды. Қатысушыларға кәсіптік бағдар беріліп, мемлекеттік бағдарламалар арқылы қолдау көрсету, кәсіпкерлік бастамаларды дамыту мүмкіндіктері таныстырылды.

Жалпы жәрмеңкеге 200-ге жуық адам келіп, олардың 36-сы тұрақты жұмысқа орналасуға жолдама алды. Бұл көрсеткіш – жұмыссыздық деңгейін төмендетуге бағытталған нақты қадамдардың бірі.

Жәрмеңке аясында Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Реал Строй Снаб» ЖШС, «Инжу-Маржан» ЖК, «Керім-сұлу Qyzylorda» ЖК-терімен әлеуметтік әріптестік туралы меморандумға қол қойды. Бұл келісім жұмыс берушілердің кәсіптік оқыту бағдарламалары арқылы бос жұмыс орындарына дайындауға мүмкіндік береді.

Аймақ жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға,

жастарды кәсіптік білімге ынталандыруға және жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасады. Жыл басынан бері 2500-ден астам адам тұрақты жұмысқа орналастыру шараларына қатысты. Жәрмеңкелер ай сайын өткізіліп, оқу орындарында ашық есік күндері ұйымдастырылуда.



Бұл жоба жастардың еңбек нарығына тез бейімделіп, тұрақты жұмыспен қамтылуына бағытталған. «Мансап» орталығы филиалының басшысы Ережепова Ақмаралдың айтуынша, мұндай бастамалар арқылы жұмыссыз азаматтарға нақты қолдау көрсетіліп, олардың жаңа мүмкіндіктерге ие болуына жағдай жасалады.

Жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы ролін арттыру – экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етудің бірден-бір жолы. 2025 жылдың «Жұмысшы мамандықтары жылы» болып жариялануы осы бағыттағы бастамалардың қарқынды жүзеге асыруына септігін тигізуде. Бұл – жастарға жаңа мүмкіндіктер ұсынатын, еңбек нарығын дамытуға бағытталған маңызды жыл болмақ.

# ДЕПУТАТТАР МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН ҚАЛАЙ ЖАҚСАРТПАҚШЫ?

Қалалық мәслихаттың кезекті 36-сессиясы 2025 жылғы 27 наурызда өтіп, күн тәртібінде бірнеше маңызды мәселелер қаралды. Сессияны қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев басқарды. Басқосуда халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету, тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, қалалық емханалардың жағдайы, сондай-ақ басқа да әлеуметтік маңызы бар мәселелер кеңінен талқыланды.

Қалалық мәслихаттың күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі – Қызылорда қаласы мен оған қарасты ауылдық елді мекендердегі емдеу мекемелерінің қызмет сапасы. Бұл мәселе бойынша Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Ж.Абубакирова және қала әкімі аппаратының басшысы М.Тасқараев баяндама жасады.

Қала мен ауыл тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсету мақсатында көптеген жұмыстар атқарылып жатқаны айтылды. Өткен жылы аймақ басшысының қолдауымен өңірдегі барлық елді мекендерге 200 санитарлық автокөлік берілсе, оның 72-сі Қызылорда қаласындағы медициналық мекемелерге бөлінген. Бұл – ауылдық жерлерде жедел жәрдем қызметінің сапасын арттыруға жасалған маңызды қадам.

Быыл денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға 7,8 млрд. теңге бөлініп, оның 5,4 млрд. теңгесі қаладағы медициналық мекемелерге қажетті құрылғылар сатып алуға бағытталмақ. Дегенмен, қалалық мәслихат депутаттары медициналық қызмет көрсетуде шешімін күткен бірқатар мәселелер бар екенін атап өтті.

Сессия барысында қалалық мәслихат депутаттары М.Есжанов, М.Әбдіқалиқов, А.Төлегенова, Р.Ысқақова, Н.Тұрғанбаев сөз алып, қаладағы емханалардың жұмысына қатысты өз ойларын ортаға салды. Мәслихаттың уақытша комиссиясы медицина мекемелерінің жұмысын зерделеп, тұрғындар мен медицина қызметкерлерінің ұсыныс-пікірлерін жинаған. Осы зерттеу нәтижесінде қалалық мәслихат депутаты Р.Ысқақова медицина саласының өзекті мәселелері бойынша ұсыныстарды ортаға салды.

Атап айтқанда КБИ тұрғын үй ауданында Жаппасбай батыр көшесінде орналасқан көпқабатты

тұрғын үй кешенінен емхана филиалын ашу; №6 емханаға қарасты «Бәйтерек» мөлтек ауданында жаңа емхана филиалының құрылысын жүргізу; №1 емхананың тарлығын ескере отырып, қосымша ғимарат пен автотұрақ салу; №4 және №5 емханаларға жаңа ғимарат салу мүмкіндіктерін қарастыру керек.

Сондай-ақ Қызылжарма ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияны кеңейту немесе қосымша ғимарат салу; №6 емхананың шет аймақтардағы филиалдарын күрделі жөндеуден өткізу; медицина саласын цифрландыруды жетілдіру, емдеу мекемелерін сапалы интернет желісімен қамтамасыз ету, интернет жүйесінің әлсіздігінен жүйелі қатып қалу жағдайына баламалы әдістер қарастыру; мемлекеттік емханаларды кеңсе тауарларымен жеткілікті қамтамасыз ету; дәрігерге алдын ала тіркелу жүйесін жақсарту үшін қосымша ұялы байланыс желісін қосу; есепте тұрған науқастарға келіпті тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жүйелі ұйымдастыру, дәрі-дәрмек алудағы жүйелік ақауларға балама шешімдер қарастыру емдеу мекемелерінің қызмет сапасын жақсартатын сөзсіз.

Сессия отырысына қалалық мәслихат депутаттары, қала әкімінің орынбасары Д.Тұрсынбаев, облыстық денсаулық сақтау басқармасы өкілдері, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» Қызылорда облыстық филиалының директоры Ж.Абдусаметов, медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің өңірлік өкілдері, мемлекеттік және жеке емханалардың бас дәрігерлері, құқық қорғау органдары, ауылдық округ әкімдері және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Қалалық мәслихаттың бұл жиыны өңірдегі денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды. Тұрғындардың сапалы медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру, материалдық базаны жақсарту, цифрландыру және дәрі-дәрмекпен қамтуды күшейту мәселелері алдағы уақытта да басты назарда болмақ.

Сессияда көтерілген барлық мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды. Бұл өзгерістер алдағы уақытта халықтың медициналық қызметке қолжетімділігін жақсартуға өз үлесін қосады деп күтілуде.

Қазына ҚҰЛМЫШОВА

## ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ – ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУДЫҢ КЕПІЛІ!

Қызылорда қаласы аумағында 838 022 гектар орман қоры бар. Өрт қаупінің алдын алу мақсатында жыл сайын көшенді шаралар атқарылып келеді. Биылғы жылы да 26 наурыздан бастап мемлекеттік орман қоры аумағында өрт қаупі маусымы ресми түрде жарияланды. Бұл шешім Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің бұйрығымен бекітілді.

Орман және дала өрттерінің алдын алу мақсатында Төтенше жағдайлар министрлігі мен Экология және табиғи ресурстар министрлігі бірлескен іс-шаралар жоспарын әзірледі. Осыған сәйкес қала әкімі Н. Ахатовтың төрағалығымен төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия отырысы өтті. Комиссия отырысында өрт қауіпсіздігіне қатысты өзекті мәселелер талқыланып, атқарылатын жұмыстардың нақты жоспары бекітілді.

Қызылорда қаласы аумағында орман және дала өрттерінің алдын алу және оларды бөледіру мақсатында «Орман және жануарлар дүниесін қорғау» мемлекеттік мекемесі мен құзырлы органдар бірлесіп, екі мобильді топ құрды. Топ құрамында төрт маман бар, олар апта сайын рейд жүргізіп, орман және дала алқаптарында орналасқан 41 шаруа қожалығына өрт қауіпсіздігі ережелерін бойынша түсіндірме жұмыстарын өткізді. Шаруашылық иелеріне ескертпе парақшалар таратылып, сақтық шараларын қатаң сақтау қажеттілігі ескертілді.

Сонымен қатар халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту мақсатында әлеуметтік желілерде арнайы хабарламалар жарияланып, саяжайларда дауыс зорайтқыштар арқылы өрт қаупі туралы ескертулер айтылды. Қала тұрғындарына өрт қаупі кезеңіндегі негізгі қауіпсіздік талаптары түсіндіріліп, орман және дала өрттерінің алдын алуға шақыру шаралары жүргізілді.

Өртке қарсы дайындық және оқу-жаттығулар ірі және созылмалы өрттер орын алған жағдайда жедел әрекет ету шараларын жетілдіру үшін арнайы өрт-тактикалық жаттығулар ұйымдастырылды. Жаттығулар «Орман және жануарлар дүниесін қорғау» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдар, төтенше жағдайлар қызметі және коммуналдық мекемелердің қатысуымен өтті.

2024 жылғы Эдельвейс саяжайындағы Шіркейлі каналының жағасында және Амангелді ауылдық округінде өрт-тактикалық жаттығулар өткізілді. Олардың барысында өрт сөндіру техникалары мен қосымша күш құралдарының дайындығы тексеріліп, өрт сөндіру тәсілдері пысықталды.

Сонымен қатар орман шаруашылығы қызметкерлері ауылдық округ әкімдіктерімен бірлесіп, мектеп директорлары мен шаруашылық басшыларымен 20 жиналыс өткізді. Жиналыстар барысында орман өрті орын алған жағдайда жұмылдырылатын техника мен адам саны нақтыланып, еріктілерден құралған өрт сөндіруші жасақтар құрылды.

Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме тарапынан орман өрттерінің алдын алу бойынша халықты ақпараттандыру шаралары да белсенді жүргізілуде. Атап айтқанда 400 ескерту хат және 200 үгіт-насихат парағы таратылды. Арнайы өрт сөндіру автокөліктеріндегі дыбыс күшейткіштер арқылы мемлекеттік орман қоры жерлеріне жақын орналасқан елді мекендерде өрттің алдын алу бойынша хабарламалар айтылды.

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да кең көлемде ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда: 17 бейнесюжет телеарналар арқылы көрсетілді; 3 мақала баспасөзде жарияланды; 28 мақала әлеуметтік желілерде жарияланды; 27 рет радио арқылы хабарландыру жасалды; 120 рет қоғамдық орындарда (автобекеттер, теміржол вокзалдары, сауда үйлері) дауыс зорайтқыштар арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар төтенше жағдайлар департаментінің әлеуметтік желілерінде онлайн режимде екі брифинг ұйымдастырылды.

Қазіргі таңда 2025 жылғы өрт қаупі кезеңінде профилактикалық шаралар қатаң бақылауға алынған. Барлық тиісті мекемелер өрттің алдын алу шараларын тұрақты түрде жүргізіп, қала мен ауылдық жерлерде қауіпсіздік шараларын күшейту жұмыстарын жалғастыруда.

Өрт қауіпсіздігін сақтау – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Сондықтан тұрғындарды өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға шақырамыз. Орман алқаптарында, далада, демалыс орындарында отты абайсыз пайдаланбау, арнайы белгіленген орындардан тыс жерде от жақпау маңызды. Өрт, немесе түтін байқалған жағдайда дереу 101 немесе 112 нөмірлеріне хабарлау қажет.

Фарида ЕРТУҒАНҚЫЗЫ

## АЛИМЕНТ ТӨЛЕМДЕРІ БОЙЫНША 12 МЫҢНАН АСА ІС ҚАРАЛУДА



Облыстық әділет департаменті есепті кезеңде алимент төлемдерін өндіріп алу санаты бойынша 13 177 атқарушылық құжатты орындап, оның 583-ін толық аяқтаған. Қалған 12 571 істің 6 240-ы мерзімді орындау тізміне болса, ал 4 576 борышкер алимент төлемдерін өз еркімен төлеуде. Бұл тұрғы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық әділет департаментінің басшысы Ирина Бөкешева мәлімдеді.

– Қазіргі таңда Қызылорда облысының әділет департаментінде 10 мемлекеттік сот орындаушы мен 72 жеке сот орындаушы қызмет атқарады. Есепті кезеңде

10 жеке сот орындаушының қызметіне жоспарлы бақылау жүргізілген. Сондай-ақ, атқарушылық әрекеттерді орындау кезінде жасаған заңдылықты бұзу фактілері негізінде 21 жоспардан тыс бақылау жүргізіліп, 7 ЖСО тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Ал, жалпы сот орындаушыларының өндірісіндегі атқарушылық құжаттар бойынша барлығы 98 тұлғаға айыппұл салынды. Өздеріңіз білесіздер, өткен жылы Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, «Онайланылған іс жүргізуі» жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы қабылданды. Оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде атқарушылық құжат бойынша берешекті төлеу және сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу жүзеге асырылады. Осыған дейін азаматтар салынған айыппұлды уақытында өтей алмаған жағдайда айыппұлдың 25 пайызын жеке сот орындаушыға төлеуге міндетті болса, енді бұл қызметті робот атқарады,- деді Ирина Жұмабайқызы.

## «БОРЫШКЕР» ЖЕДЕЛ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ШАРАСЫ ӨТТІ

Аймақта наурыз айының 17-21 аралығында облыс көлемінде салынған айыппұлдарды өндіру мақсатында «Борышкер» жедел профилактикалық шарасы өтті. Іс-шараға 143 қызметкер жұмылдырылып, 3 782 әкімшілік іске қатысты 54 827 388 теңге өндірілген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ПД Әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары Нұркен Бактияров айтты.

– Жалпы 3 782 әкімшілік істің 1 745-і арнайы техникалық құрылғылармен анықталды. Қала-аудандық полиция бөліністерімен салынған әкімшілік айыппұлдардың төлеуден жалтарып жүрген 72 автокөлік айып алаңына қойылды. Сондай-ақ, жеке сот орындаушылар палатасына мәжбүрлеп өндіру үшін жолданған әкімшілік қаулы-

лар бойынша салынған 983 мың теңге көлеміндегі айыппұлдар мемлекеттің пайдасына өндірілді. «Борышкер» іс-шарасы бойынша патрульдік полиция батальоны, департаменттің әкімшілік полиция басқармасының қызметкерлері және аумақтық жеке сот орындаушылармен бірлесіп мобильді топ құрылды. «Екин-Патруль» мобильді кешендерінің мүмкіндігін пайдалана отырып қала аумағында 207 автокөліктің айыппұлдары бар-жоғы тексеріліп, нәтижесінде 51 автокөлікке қатысты жалпы 3 533 163 теңге айыппұл өндірілді,- деді Нұркен Пралулы.

Сонымен қатар Қызылорда облысының Полиция департаменті 5 сәуірге дейін мопедтерді тіркеу қажеттігі туралы ескертті.

– 5 сәуірден бастап заңнамалық өзгерістер күшіне еніп, мопедтер механикалық көлік құралдарына тенестірілетін болады. Аталған күннен бастап мопедтерді пайдалану тек полицияда тіркеуден өткен, А1, А және В санатындағы жүргізуші куәлігі, техникалық тексеруден өткен, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырып жағдайда ғана рұқсат етіледі. Заң бойынша 5 сәуірден кейін тіркелмеген мопедті басқаруға тыйым салынады. Қазіргі уақытта облыс бойынша 185 мопед тіркелді. Осы орайда мопед иелерін алдын ала тіркеуден өтуге және жүргізуші куәлігі жоқ адамдарға мопед жүргізу құқығын алу үшін автокөлік мектептерінде оқуға кеңес береміз,- деді Нұркен Бактияров.

Ел жаңалығы

## КӨЛІК САЛЫҒЫН ТӨЛЕУ МЕРЗІМІ АЯҚТАЛДЫ

2024 жылға көлік салығын төлеу мерзімі 1 сәуірде аяқталды. 2 сәуірден бастап көлік салығын уақытылы төлемеген жүргізушілерге салық берешегі туралы хабарлама жіберіледі. Берешек сомасы 1 АЕК-тен яғни 3 932 теңгеден асып тұрса, салық бұйрығы шығарылып, сот орындаушыларына мәжбүрлеп өндіріп алуға жіберіледі. Салық бойынша барлық қарызды 30 күннің ішінде төлеу керек. Заңнамаға сәйкес, сот орындаушылары банктік шоттар мен мүлікті бұғаттауға құқылы. Сондай-ақ берешек сомасы 40 АЕК-тен асқан кезде ел аумағынан шығуға тыйым салынуы мүмкін.

Көлік салығын есептеу кезінде 2024 жылы қолданыста болған 3 692 теңге мөлшеріндегі айлық есептік көрсеткішті негізге алады.

## БІРІНШІ СЫНЫПҚА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАНУДА

Биылғы жылдың сәуірінің біріннен бастап бірінші сыныпқа өтініш қабылдау басталды. Құжат қабылдау 31 тамызға дейін жалғасады. Ата-аналар баланың құжаттарын электронды үкіметтің egov.kz веб-порталы арқылы тапсыра алады.

Ол үшін қажетті құжаттар: ата-ананың немесе заңды өкілінің өтініші; №065у формасындағы денсаулық жағдайы туралы анықтама; 026/у-3 баланың денсаулық паспорты; екі 3x4 фотосуреті.

Өтініштер дүйсенбіден жұмаға дейін қабылданады. Демалыс, мереке күндері өтініш қабылданбайды.

## МОПЕДТЕР ТІРКЕЛІП ЖАТЫР

Сәуірдің бесінен бастап заңды түрде тіркелмеген мопедтердің жүруіне тыйым салынады.

Жол қозғалысы ережесіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, бұдан былай мопедте мемлекеттік тіркеу нөмірі болуы қажет. Ал иесі А1 санатындағы жүргізуші куәлігін алуы шарт. Бірақ А немесе В санаты болса да, мопедті басқаруына рұқсат беріледі.

Мопедті тіркемей жүргізгені үшін 39 320 теңге айыппұл қаралған.

## ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН ЖИІ БҰЗАТЫНДАРДЫ САҚТАНДЫРУ ҚЫМБАТ

Сәуірдің 7-нен бастап көлік жүргізушілері үшін сақтандырудың жаңа жүйесі енгізіледі. Бұдан былай жол ережесін жиі бұзатындар үшін сақтандыру полисі қымбатқа түседі.

«Бонус-малус» жүйесі коэффициентпен есептеледі. Мәселен, 13-класс ең жоғары және ең арзан сақтандыру санаты болып қалады. Ал ең төменгісі — М2. Көлік жүргізуші жол ережесін өрескел бұзған жағдайда сақтандыру класы М2-ге дейін төмендей береді. Осылайша, полис құны 13-классқа қарағанда жеті есе қымбат болады.

Көлік жүргізу куәлігін жаңадан алған адамдар да сақтандыру полисі үшін көбірек ақша төлейді.

## ТЕЛЕФОН ТАРИФ ҚЫМБАТТАЙДЫ

21 сәуірден бастап Kcell кейбір тарифтік жоспарлар бойынша ай сайынғы төлемді көтеруді жоспарлап отыр. Мәселен, «Алға-1» жоспары 23,4 процентке – 2 990 теңгеден 3 690 теңгеге көтеріледі. Сол сияқты «Престиж XS» пен «Престиж S» жоспарлары 500 теңгеге қымбаттайды.

Activ те 21 сәуірден бастап кейбір тарифтік жоспарларын 300-700 теңгеге көтермекші.

Altel компаниясы 26 сәуірден бастап 13 бірдей тарифтік жоспардың бағасын өсіреді. Мәселен, Non Stop 6 890 теңгеден 7 990 теңгеге дейін, ал Unlim 5 990 теңгеден 8 990 теңгеге дейін өседі. Осылайша, Altel тарифтері 1000-3000 теңгеге қымбаттайды.

Ал Tele2 тура сол күні «Үй интернеті+» тарифінің ай сайынғы төлемін 3 500 теңгеден 5 000 теңгеге дейін көтереді.

## БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ БОЛА ТҰРА, КӨЛІК ҚҰРАЛЫН БАСҚАРҒАН

Қармақшы аудандық сотында Ж.-ға қатысты Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 612- бабының 3-бөлігімен (Құжаттары жоқ және басқару құқығы жоқ адамның көлік құралын басқаруы) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Азамат Ә. көлік құралын басқару құқығынан айырылған адам бола тұра, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Амангелді көшесінің бойында көлік құралын басқарған.

Сотта ол кінәсін толық мойындап, жеңіл жаза қолдануды сұрады. Сот қаулысымен Ә. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 612 бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 137 620 теңге мөлшерде айыппұл салынды.

## АВТОКӨЛІКТІ АЛКОГОЛЬДІ МАСАҢ КҮЙДЕ КӨЛІК ҚҰРАЛЫН БАСҚАРУҒА ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ БОЛА ТҰРА БАСҚАРҒАН

Қармақшы аудандық сотында азамат К.-ге қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 608 бабының 6 бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Құқық бұзушы К. өзінің басқаруындағы көлік құралын жүргізуге құқығы жоқ бола тұра, Қармақшы ауданы аумағы, Төребай би ауылы тұсында алкогольді масаң күйде басқарған.

Құқық бұзушының кінәсі оның мойындап берген түсінігімен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамасымен, құқық бұзушының «жеңіл» дәрежелі алкогольдік мас күйде болғанын бекітетін медициналық куәландыру қорытындысымен, көлік құралын басқару үшін жүргізу куәлігін мүлдем алмағанын растайтын Қармақшы аудандық бөлімінің анықтамасымен және басқа да іске тіркелген құжаттармен дәлелін тапты.

Құқық бұзушы К. ҚР ӘҚБтК-нің 608 бабының 6 бөлігімен кінәлі деп танылып, 20 тәулік әкімшілік қамаққа алынды.

Қармақшы аудандық соты

## ӨРТ – ТІЛСІЗЖАУ!

Жылу беру маусымында өрт саны артатыны баршамызға белгілі. Өрттің басымкөшілігі тұрғын үйлер үлесінде. Олардың шығу салдарын саралайтын болсақ, 60%-ға жуығы жылыту пешінің құрылысы кезіндегі өрескел қателіктер мен пайдалану ережелерінің сақталмауынан болып отыр. Ал, қалған бөлігі тұрғын үйдегі электр жүйесінің ақаулары, газ ошағын пайдаланудағы аңғалдықтар, ашық отты пайдалану, балалардың отпен ойнауы салдарынан орын алған өрттерге тиесілі. Жылу беру маусымында тағы да аса мән беретін жағдай, қыс қаһарына мініп, күн суықтанда үйдегі жылыту пешін барынша қыздырып жағатынымыз белгілі. Осы орайда, жылыту пешінің ақауы, яғни, пеш құрылысы кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталмауы немесе пеш құрылысы көнеріп, уақытысында тазартылауы – өрттің шығуына немесе көмір қышқыл газы мен улануға негіз болады. Сондықтан, баспанамыздың қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамай, өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтайық!

**Е.ЕСЕНГЕЛДИЕВ**  
Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар  
Басқармасының тәлімгері,  
М.Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау  
Академиясының 4-курс кіші сержанты

## АРПА, БИДАЙ 66 МЕМЛЕКЕТКЕ ЭКСПОРТТАЛАДЫ

**Премьер-министрдің орын-басары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен кеңес өтті. Кеңесте ауыл шаруашылығы өнімдері экспортын кеңейту бойынша қабылданып жатқан шаралар талқыланды.**

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков соңғы 5 жылда ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының көлемі 51%-ға артып, 5,1 млрд-қа жеткенін хабарлады. Экспорт аумағы 66 мемлекетті қамтып, өңделген өнімдердің үлесі 52%-ды құрап отыр. Негізгі нарықтар қатарына Орталық Азия елдері, ЕАЭО, Иран, Түркия, Қытай және ЕО елдері кіреді.

2024 жылы ауыл шаруашылығы өнімдері экспорты 5,1 млрд-ты құрады. Табиғи көрсеткіш бойынша өсім 3,9%-ға, ал көлемі 16,1 млн. тоннаға жетті. Негізгі экспортталатын тауарлар қатарында бидай, арпа, зығыр тұқымы, сиыр және қой еті, мұздатылған балық, бидай ұны, күнбағыс майы, газдалған су, мақта талшығы және басқа да өнімдер бар.

Жиында астық экспорты мәселелеріне ерекше назар аударылды. 2024 жылы экспорттың жалпы көлемі 8,1 млн тоннаны құрады. 2024 жылдың қыркүйегінен 2025 жылдың 18 наурызына дейін Орталық Азия елдеріне (Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан), Қытай, Ауғанстан және Еуропа елдеріне 6,3 млн тонна жаңа өнім экспортталды (өсім 53%). Оның ішінде Иранға сәйкес

кезеңде 741 мың тонна (17 есе өсті), Өзербайжанға – 408 мың тонна өнім жөнелтілді. Бұл қазақстандық астықты Өзербайжанға жеткізудің соңғы 5 жылдағы ең жоғары көлемі. 2023 жылдың қыркүйегінен 2024 жылдың

**Премьер-министрдің орынбасары, ұлттық экономика министрі С.Жұманғарин:**

– Біздің елімізде жылқы етін өндіру бүгінде халықтың сұранысын толық қанағаттандырып отыр. Ірі құс фабрикалары салынып, олар таяу жылдары тұрғындарымыздың құс етіне деген сұранысын қанағаттандырады және экспортқа қажеттілік мәселесі туындайды. Біз қазірден бастап аталған өнім түрлерін экспорттау үшін әлеуетті бағыттарды қарастыруымыз керек».

ақпанына дейін астық тасымалы небәрі 4 мың тоннаны құрады.

Қайта өңделген өнім экспортының көлемі 14,9%-ға артып, \$2,7 млрд-ты құрады, бұл ретте экспорттың жалпы көлеміндегі қайта өңделген өнім үлесі 42%-дан 52%-ға дейін өсті. Экспортталатын өнімдерге өсімдік майы, ұннан жасалған кондитерлік өнімдер, шұжық өнімдері, сиыр және қой еті кіреді. Елімізде күнбағыс майы өндірісінің қарқынды өсу жылдамдығын және майлы дақылдар алқаптарының ұлғаюын ескере отырып, Серік Жұманғарин Ауыл шаруашылығы министрлігіне күнбағыс тұқымын өндірушілерді қолдау үшін мүмкіндіктер қарастыруды тапсырды.

## ҚАТОНҚАРАҒАЙДА ЖАҢА ӘУЕЖАЙ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

**Аталған жұмыс Мемлекет басшысының Зайсан, Катон-Қарағай және Кендірлі курорттық аймақтарында үш жаңа әуежай салу жөніндегі тапсырмасы аясында жүргізілуде. Нысандағы құрылыс жұмысының барысын көлік министрі Марат Қарабаев пен Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов төксерді.**

Қатонқарағай ауданындағы әуежай Белқарағай ауылы маңындағы 266 гектар жерде орналасады. Әуежай аймақтың климаттық және географиялық жағдайын ескере отырып салынауда. Жоба аясында алдағы уақытта кеңейту мүмкіндігі бар 2,2 мың метрлік ұшу-қону жолағы қарастырылды. Bombardier Q400, ATR-72 және басқа да ұқсас типтегі заманауи әуе кемелерін қабылдау көзделген. Сонымен қатар жоба аясында толыққанды инфрақұрылым құру: 4 әуе кемесіне арналған перрон, 4 мың шаршы метрлік заманауи аэровокзал, командалық-диспетчерлік пункт, апаттық-құтқару қызметі, метеостанса

және радионавигациялық жабдықтар қарастырылған. Әуежайдың өткізу қабілеті сағатына 150 жолаушыны құрайды, бұл аймақ үшін оңтайлы әрі орнықты әуе қатынасы үшін тұрақты негіз болмақ.

«Қазірдің өзінде Қатонқарағайға жылына 100 мыңға жуық турист келеді. Алдағы бес жылда бұл көрсеткіш 250 мың адамға дейін артады деп күтілуде. Бұл бағыт қазақстандық және шетелдік қонақтар арасында сұранысқа ие. Нысан қолданысқа тапсырылған соң Катон-Қарағайдан Астанаға, Алматыға және Өскеменге, сондай-ақ Алтай мен Қанасқа (ҚХР), Баян-Өлгейге (Моңғолия) дейін қатынайтын халықаралық рейстер ашылады. Көлік министрлігі жұмыстың орындалу мерзімі мен сапасын жіті бақылайды», — дейді Көлік министрі Марат Қарабаев.

Шығыс Қазақстан облысында туризм саласын одан әрі дамыту үшін Көлік министрлігі туристік нысандарға апаратын барлық жолдарды жөндейді.

## ЗАЙСАН ӘУЕЖАЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

**Мемлекет басшысының Зайсан, Катон-Қарағай және Кендірлі курорттық аймақтарында үш жаңа әуежай салу тапсырмасы аясында әуежай құрылысы басталды.**

Жобаға сәйкес әуежай Зайсан қаласынан шамамен 25 шақырым жерде орналасқан Сәтбай ауылының маңындағы бұрынғы әскери әуежайлақ базасында салынады. 184,5 гектар жерді алып жатқан учаске географиялық және метеорологиялық жағдайды, сондай-ақ логистикалық қолжетімділікті ескере отырып таңдалды.

Әуежайда алдағы уақытта кеңейту мүмкіндігімен ұзындығы 2200 метр болатын ұшу-қону жолағы салынады. Бұл әуежай аймағында Bombardier Q400, ATR-72 және басқа да ұқсас типтегі заманауи әуе кемелерін қабылдауға мүмкіндік береді. Қазір отандық әуе компания ATR-72 ұшақтарын сатып алу мәселесін пысықтауда. Жоба аясында 4 әуе кемесіне арналған перрон, сағатына 150 жолаушыға дейін өткізу қабілеті бар 4000 шаршы метрлік заманауи аэровокзал,

командалық-диспетчерлік пункт, авариялық-құтқару қызметі, метеостанция және радионавигациялық жабдықтар қарастырылған.

**Көлік министрі Марат Қарабаев:** – «Әуежай құрылысы аяқталып, нысан қолданысқа берілген соң Қытайдың Үрімші, Алтай және Қанас қалаларына халықаралық бағыттар ашу жоспарланған. Астана, Алматы және Өскеменге қатынайтын ішкі бағыттар тұрақты әуе байланысын қамтамасыз етіп, бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, өл тұрғындарының жүріп-тұруын жақсартар түспек», — деді.

Қазір Зайсанға жыл сайын шамамен 23 мың турист келеді. Әуежай іске қосылып, инфрақұрылымдамытүскенде бұл көрсеткіш 136 мың туристке дейін өседі деп күтілуде.

Әуежай құрылысы Қазақстанның логистикалық әлеуетін дамытуға қосымша мүмкіндік ашады. Сәтбай ауылы маңында жаңа әуежай салу және «Қалбатау-Майқашағай» күре жолының реконструкциясын аяқтау

жұмыстары Зайсан қаласында арнайы ірі логистикалық хаб ашуға мүмкіндік береді.

Бұл ретте Тұғыл ауылында өзен порты салынады. Бастапқы кезеңде жүктер Тұғыл портына автокөлікпен тасымалданады. Одан әрі Ресей Федерациясына қарай өзен арқылы кеме қатынасы орнатылады. Жүктердің бастапқы көлемі 2 млн. тонна болса, уақыт өте келе бұл көрсеткіш 10 млн. тоннаға дейін артады деп күтілуде. Қытайдағы әріптестермен қазір «Тұғыл» портын теміржолмен байланыстыратын және Ресейдегі Обь өзеніне, одан әрі Солтүстік теңізге шығатын «Қытай-Қазақстан-Ресей» мультимодальды логистикалық маршрутын құруға бағытталған төртінші теміржол өткелі пунктін салу пысықталуда.

Сондай-ақ биыл мамандар Шығыс Қазақстан өңіріндегі барлық Өскемен-1, Алтай, Күмістау, Риддер, Шемонаиха бес теміржол вокзалын жөндейді.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС — БІЗДІҢ ОРТАҚ ПАРЫЗЫМЫЗ

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуі, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады. Осы орайда сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын.Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

стратегияның негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті.Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол жай ғана сыбайлас жемқорлыққа төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады. Мекеме қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары үнемі бақылауға алынған. Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұдан да биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран ете білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық

**Жандаулетов Нурбек САУРЕНОВИЧ**  
Аққұм ауылдық округінің әкімі

## Кітапхана

Бірінші хикаят

Байшұбар мен Шертай Саратанға сапар шегердің алдында Сырдарияның бір иінін мекен еткен он жеті үйлі Ұзынарық ауылында біреулерді күлдіріп, біреулерді күрсінткен екі түрлі оқиға болды.

Біріншісі - өздеріне үшінші атадан қосылатын Сағынжан деген ағаларының бір жыл бұрын қайтыс болған әкесі Жұрқа жайлы еді. Жұрқаның өлгенін бұл ауылда білмейтін жан жоқ. Он жеті үйлі Ұзынарықтың үлкен-кішілі еркек кіндіктері жиналып барып, ауыл шетіндегі молаға көмген. Құран оқылып, соңынан алақандарымен беттерін сипаған... Сосын Жұрқаның үйіне қайта келіп, жамыраса сөйлесе отырып, асын жеген. Одан кейін де жетісі деп бір, қыркы деп екі, жүзі деп үшінші рет... Сағынжанның

Піралінің осы айқайынан кейін, бар құпияның беті ашылған.

... Жұрт Жұрқаның осы жырын жамыраса айтты, тауыса алмай жүргенде Тоқашбай деген ағаларының үйінде аяқ астынан тағы бір оқиға болғаны.

Совхоздар жаппай тараған кезде бір бензовозды иемденіп қалған Серқара деген жігіт алыс ауылдарға бензин сатып, нәпақа табатын әдетімен Тоқашбай жездесінің үйіне келе қалады. «Ауылға май сататын келді» деген хабар үріккен малдай бытырап, әрқайсысы әр жерде отырған он жеті үйге түгел тараймын дегенше, Серқара Сырға апасы қайнатқан шайды ішеді. Шайдан соң қазан көтеріледі. Апасы қазан көтерген соң-ақ, Серқара асықпай жайғасып, төрдегі қызыл көрпешенің үстіне ұзыннан түскен күйі ұйқыға кетеді.

Май сатып алатын ақшасы болмағандықтан Тоқашбайдың «қайным ғой» деп ойнағансып, әрі-бері қатынап, аяғын артып жүрген екі аяқты мотоцикліне жететін бір шелек, жарым шелек май алып қалатын айласы болатын. Бұл айласы

ау шамасы... Естіген бойда солардың қай-қайсысы да таңданыстарын айта алмай, әйелдері еріндері түрткіп, еректері үнсіз төмен қарасып, үрпісісіп қалғаны.

Ералының әйелі Сияқұл мен Байшұбардың әйелі Шырай бір ауылдың қатар ескен қыздары болғандықтан да, екі үйдің бір-біріне тілектестігі мен қыбыр-жыбыр араластары үзіліп көрген емес. Байшұбардың үй-іші Ералыдан келген әлгі ақшалардың санын былай қойғанда, Сияқұлдың ол қаражатқа не сатып алғанынан да хабардар еді.

Алғаш екі жүз мың теңге келген тұста-ақ, оныншыны бітіргеніне жыл толса да, не оқиға түсе алмай, не қандай да бір жұмысқа кірісіп те кете алмай, қарадай іші пысып, ауылға сыймай жүрген інісі Шертай: «Аға, сол жаққа біз де барайықшы... Ералыны тауып алайықшы... Бәлкім біз де орналасып, жолымыз болып кетер...» - деп Байшұбарға қыңқылдап біткен.

Байшұбар әуелде інісінің сөзіне елп етпеді. Елп етпегені «Ұзынарық ауылын бір бай сатып апады екен. Сол бай Ұзынарықтан сиыр фермасын ашады-мыс» деген қауесет сол шақта ауылда да, аудан орталығында да желдей гулеп жүрген шағы еді. Оның үстіне «Оу, ол Ералы хат жазып, мені өзі неге шақырмайды, таусылмайтын

- Сонда ай-шай жоқ, жүре береміз бе?

- Жүре береміз. Жүре бермегенде... ауылды жинап, депутатпен кездескенді жиналды ашпақ па едіңіз?

Байшұбар көтере ұстаған кесесіндегі шайды ұрттарда әуелі нан тістеуі керектігін ұмытып қалғандай, нанды бір, құртты бір ұстап, сосын аузына апара берген кесесін қайтадан дастарқан шетіне қойып, дегбірі қашқан күйде отырып: «Е, ендеше, көрейік, -деді жуасыған үнімен. - Сондағы ойың бүгінгі пойызға шығу ма, әлде ертенгі пойыз-з...?»

- Бүгінгі пойыз-з!  
Шертай жұлдырығымен сәкінің тақтайын дүрс еткізді. ...Осыдан кейін-ақ ағайынды екеуінің арасындағы әңгіме түйінделіп те қойған еді.

Қыс кезінде Ералыдан әйелі Сияқұлге келген жалғыз хатты Байшұбар да оқыған. Қысқа жазылған хат соңындағы: «Менің адресім: Саратан қыстағы. Почта. 17-ші жәшік. Бірақ сен хат жазбай-ақ қой. Тәртіп солай. Хабар өзмінен болады, -деген сөйлемдерді оқып, «17-ші жәшік» деп те кісіге әдріс айталды екен-ау. Бәлен деген кеше, түген деген үй деп жатпаушы ма еді, осы жұрт, -деп қойған ішінен. -Тәртіп солайың несі? Әскери қызмет пе, немене? - деп те танданды.

қалғып кетіп, қалғып кетіп... сосын шошып оянып тұрғандары қаншама...

Отыратын орын табылар ма екен деп кимелей жылжып, вагонның түкпіріне дейін жеткен Байшұбар мен Шертайдың ақыры жолдары болды. Соңғы қуыста құстың балапандарындай шүпірлесіп отырған өңшен жас қыз-жігіттер сығылысып жылжып, біреулері тұрып кетіп, бұларға орын тиді.

Мынадай сапырылыста құйрық басып отырар жер табудың өзі - кішігірім бақыт сияқты еді. Сондықтан Байшұбар мен Шертай вагон енді жылжи берген сәтте, қатар жай-ғасып отырып, аз-кем езу тартқан қалыптарымен бір-біріне қарасқанда, жүздерінде «бұған да шүкір» дескендей сынай бар еді.

Сапырылысқан, тығылысқан мына халде артық-ауыс сөзге орын жоқ екенін де олар жақсы түсінді. ...Таң ата Байшұбар мен Шертай қалғып-шұлғыған күйлері Саратаннан тусуге дайындалды. Жолсерік жігіт те қалғып-шұлғып жүріп вагон есігін ашты. Бұларды жаңа көргендей, ешкікөзденіп, жаратпай қарады. Әлде билетпен кіргендерді жаратпай қабылдап, көңілсіз шығарып салатын әдеті ме екен.

Саратаннан түсіп тұрып, Байшұбардың байқағаны -бұл өзі едәуір үлкен елді-мекен секілді. Оны перронда ерсілі-қарсылы



Т.Нұрмағанбетов

# ЖЫЛДАНЫҢ УЫ

қазына-байлыққа жолыққаны рас болса... ағайындығымызды былай қойғанда, көңіліміздің жақындығы бар емес пе еді? Түскі асты біздікінен, кешкі асты ол үйден жеген араластығымыз ше?» деген базына-өкпесі де жоқ емес-ті.

«Ералыдан тағы бес жүз мың теңге келіпті» деген хабарды алғаш естігенде Байшұбар мен Шертай есік алдындағы сәкінің үстінде кешеден қалған қатқан нанды сүтке жібітіп жеңіп, қант орнына құрт қажап шай ішіп отырған.

Сатушыдан «арзан шайың бар ма?» деп сұрап алған соң-ақ, шай да не оңсын, әйтеуір, түсі қызыл бірдене.

Хабарды айта келген Шырай болғандықтан әңгіменің растығына

Ағайынды екеуінің аяқ астынан жол жүретіндіктері шешілген кезде, сол «Саратан қыстағы. Почта. 17-ші жәшіктен» өзге Ералыны табатындай амалдары да жоқ еді.

Ералыны іздеп, жолға шығатындарын да Сияқұлге ғана айтқан. Ол байғұс аяқ астынан Ералыға беріп жіберетін ет, бауырсақ пісіріп, әлек-шәлек болды. «Біз де аман-есен жүріп жатырмыз. Балалардың өзінді өлерлей сағынғаны болмаса...» -деген төрөз доптердің бір парағына жазған хаты мен балаларымен түскен алақаншын аумағындай суреті бар.

- Бүктеліп, яки шеті сынып қал-масыншы... Ералыға біреуден беріп, әлде хатқа салып жіберермін деп аудан орталығына балаларымды пойызға

сабылып жүрген көп адамның нобайынан-ақ байқады.

Байшұбар Шертайды ертіп күту залына кірді. Мұнда да ерсілі-қарсылы сабылғандар мен ұзын-ұзын орындықтарда ұзыннан түсіп ұйықтап жатқандар... Қол сөмкелерін, жол сөмкелерін құшақтап қалғандар... Жанындағы серігінің иығына басып сүйеп отырып ұйықтағандар...

Шертайды ертіп Байшұбар да бір шеттен орын алды. Шертайды ертіп дейтіндей де бар... Не дегенмен жас емес пе, таңғы ұйқының әсерінен әлі де толық арылда алмай, былқ-сылқ жүріп, былқ-сылқ еріп келе жатқан інісі ендігі жерде, ағасының бастауына, соның айтқанына ғана көңіл бөніс жан секілді. Вагоннан түскенде де, күту залына енгенде де, ештеңемен ісі жоқ, қаперсіз біреу. Білетіні - қайда да болса, ағасының бастап келе жатқандығы ғана секілді.

Сөмкелерін ортаға алып, ұзын орындықтың шетіне отыра кеткенде де: «Қайда келдік... Неге отырдық...», - деп жан-жағына зер де салмастан, орындықтың биік арқалығына басып сүйеген күйі қайтадан ұйқыға басты...

Інісінің қазіргі қалпына қарап отырып Байшұбардың ұққаны - қазірден бастапталы жатқан жолдарының да, істерінің де бар жауапкершілігі өз иығында ғана қалғандығы еді. Шертайдікі - еру ғана.

Басына түскен тауқыметті оқыс сезінгендей, кәдімгідей еңсесі түсіп, уайымдап отырып, оның өзі де қалғып кеткен екен: оянып, көзін ашса - күту залының іші де, сырты да жап-жарық. Әуелде: «Мен осы қайда келгенмін... Қайда отырмын» - деп таңданып әрі шошып та қалғандай еді. Сосын барып жол жүріп келе жатқаны, Ералы туысын тауып алу керектігі еміс-еміс есіне түсті. Шертай қаперсіз. Орындықтың биік арқалығына жабықсан күйі, аузы үнрейіп әлі ұйықтап жатыр.

Күту залында адамдар да көбейе түскен. Шамасы пойыз келді ме, әлде кейтеін деп тұр ма, сондай бірден... Өйткені оянуының өзі сондай бір самбырлаған қатты дауыстың әсерінен еді.

Шеткі бұрышта кафе де жұмыс істей бастаған екен. Жұрт оны-мұны сатып алып, бөлек-бөлек қойылған дөңгелек столдарда шұқырласып, ішіл-жеп жатыр.

Байшұбар да сабырмен орынан тұрып, сол маңайға беттелді. Жаңадан пісірілген самсаның ісі мұрнын жарып, сосиска, қолбасалармен бірге әртүрлі татті нандр көз жауын алып, солардың бәрінен алғысы келіп, ансары ауып біраз тұрды да, тағы да ақылға келді. «Ералыны бүгін таба аламыз ба, әлде таба алмай бірнеше күн сандалып қаламыз ба?.. Жұмыс та бола қоя ма, әлде қайтадан пойызға мініп, ауылға қайтып жүреміз бе? Қанша рет тамақты сатып жеуімізге тура келетінін Алла білсін...»

Байшұбардың басында дәл қазір ой көп еді. Және сол ойлардың көбінің үміттен гөрі күдігі басым сияқты. Тіпті уайым секілді.

Ол ойлап-ойлап екі стакан шай ғана алды да, қайтып орнына келді. Бұл кезде Шертай да оянып, жан-жағына танырқағандай, көздерін ашып-жұмып жатыр екен.

Сөмкесін ашып, ақтарып еді, бір таба нан, бауырсақ, піскен қартоп шықты. «Шырайдың салғандары ғой» деп ойлады Байшұбар келіншегінің есіне алып, әрі соншалық жақсы көріп отырып. Сияқұлдың Ералыға беріп жіберген сәлемдесіне тиіскен жоқ.

(Жалғасы бар)

## ДАРА ДАРЫН, ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМҒЕР

Жазушылық – жай ғана кәсіп емес, бұл – адам жанының терең пірімдерін суреттеуге арналған өнер. Нағыз руханиятты сөзбен өрнектейді. Оның шығармалары тек оқиғалар жиынтығы ғана емес, адам тағдырының, ұлттық болмыстың айнасы. Оның қаламынан шыққан әрбір туынды оқырманға ой салып, оны толғандырып, ізгілікке бастайды.

Қазақ әдебиетінде осындай үлкен миссияны абыроймен атқарған қаламгерлердің бірі Тынымбай Нұрмағанбетов. Быыл 80 жасқа толып отырған ол өз шығармашылығы арқылы қарапайым адамдардың өмірін шынайы, әрі терең бейнелеп, оқырманын ойға жетелеген сөз зергері. Жазушының әрбір туындысы – адам жанының сан қатпарлы әлеміне үңілудің, өмір шындығын көркемдікпен жеткізудің үздік үлгісі.

Быылғы жылдың наурыздың 28-інде Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада Тынымбай Нұрмағанбетовтың 80 жылдық мерейтойына арналған «Дара дарын, қарымды қаламгер» атты әдеби кеш өтті. Шараның мақсаты – қаламгердің әдеби мұрасын дәріптеп, оның шығармашылық жолын кеңінен таныстыру.

Кеш барысында оқырмандар жазушының шығармаларын талдап, оның өзіндік стилі мен көркемдік ерекшелігіне тоқталды. Тынымбай Нұрмағанбетовтың шығармаларының басты құндылығы өмірдің шынайы келбетін ашуы, кейіпкерлерінің жан дүниесін терең суреттеуі екені айтылды. Кеш қонақтары қаламгер туындыларынан үзінділер оқып, оның сөз өнеріндегі дара қолтаңбасы туралы пікірлерімен бөлісті.

Әдеби кеште оқырмандар арнау өлеңдерін оқып, қазақ поэзиясының жыр жауһарларын да орындады. Сонымен қатар кітапхана қабырғасында «Жансарайы жарқын жазушы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, қаламгердің шығармалары мен ол туралы жазылған зерттеулер көпшілік назарына ұсынылды.

Бұл табылымды шара жазушының қазақ әдебиетіндегі ерекше орнын айқындап, оның шығармаларының уақыт өткен сайын манызын жоймай, жаңа ұрпақ үшін құнды мұра болып қала беретінін көрсетті.

Фарида Ертұғанқызы

екеуінің де шүбәсі болған жоқ. Сондықтан болар жұмыссыздық пен үй ішіндегі жетіспеушіліктен қорланып жүрген Шертай бірден бүкс ете сөйледі.

- Кетейікіші, аға-а!

- Кеткенде аяқ астынан қайда... кімге?

- деп Байшұбар әңгімені үйреншікті кібіртік аяңына сала беріп еді, ағасының осы марғаулығына да жалыққанын аңдапты: - Ой, осы әдетіңіз-ай! Үлкен болып бастамайсыз да, қостамайсыз да... Әне, Ералы ешкім шақырмаса да кетті ғой. Жұмысты да тапты ғой, -деп Шертай түтіге сөйледі.

- Әлгі сиыр фермасы болады-мыс деген сөз-з...  
- Ой, аға, соны да сөз деп малданып... Ол бай бұл ауылды қашан сатып алады? Сосын қашан сиыр қора салады? Оған сиырларды айдап әкеліп, қашан қамайды деп жүргенде... үй-ішімізбен аштан қаптаймыз ба?

- Солайына, солай ғой...  
- Ендеше, көкпен ақша жауады деп күтіп отырсыз ба? Әлде үкімет азық-түлік пен киім-кешекті үйіп әкеліп, тегін таратады деп ойлайсыз ба?

Байшұбарға інісімен сөз таластыру мүмкін болмай қалды. Өрекіп тұр. Өншейінде бетіне келмейтін жуас баланың осылай бұрқырап сөйлеп отыруының өзі - оның кәдімгідей сағын сындырды.

мінгізіп, шұбыртып барып, әдейі түсіп едік, - деп Сияқұл суретінің жайын айрықша тәптіштеді.

Шырай да күршітен ботқа пісіріп, нан көміп, бұларды тойдырып атандырудың қамында жүр еді.

2

Теміржол бекетіне екеуі жаяулап, кештетіп кетіп, түнделетіп өтетін пойыздың көпшілік вагонына билет алды. Біржағынан ешкімге жөн-жосықтарын айтпай, апақ-сапақта аттану өздерінің қалаулары еді. Құдай біледі, ауылдарында да қайда, неге сапар шеккендерін Шырай мен Сияқұлдан өзге ешкім білмей де қалды. Байшұбардың үлкені екінші класка енді барып, кішісі әлі мектепке де ілінбеген екі ұлы Әліқұл мен Бейсен де бұлардың айда жоқта, зым-зия жоқ болғанына әлденеше күн аң-таң қалып жүрер-ау.

Вагонда кісі көп екен. Бекет сайын аялдайтын поездың жолаушылары жоғары келеді. Вагонда орын бар ма, жоқ па, онымен шаруалары жоқ. Жолақсын қолма-қол бергендерді, билетпен кіргендерден де төрі жақын тартып, есіктен алдымен кіргізіп жатты.

Қапырық вагоның жоғары тәсігінде жатқандар ұзыннан түсіп ұйықтап, төменгі орындағылар бір-біріне сүйеніп қалып отыр. Ал ешқандай орын тимегендер ортадағы жақтау қабырғаларға, жоғарғы төсектердің ернеулеріне сүйеніп тұрып-ақ

Сұрағым бар...

# ЗЕЙНЕТАҚЫ КАПИТАЛЫҢЫЗДЫ ЕЗЖ ЕСЕБІНЕН ҚАЛАЙ КӨБЕЙТУГЕ БОЛАДЫ?

## ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫН ҚАЛАЙ АУДАРСАМ БОЛАДЫ? ОНЫ ЖҰМЫС БЕРУШІ АУДАРА АЛА МА?

Ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) жеке және заңды тұлғалар аудару алады. Жеке тұлғалар қаражатты өз табысы есебінен жеке бас пайдасына және (немесе) жақындары үшін аударса, заңды тұлғалар өз қызметкерлерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың пайдасына аудару алады.

Ерікті зейнетақы жарналарын екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ жұмыс берушіге өтініш беру арқылы аударуға болады. Өтініш негізінде қаражатты жұмыс беруші Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) көрсетілген тұлғаның пайдасына аударуға болады.

ЕЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың қажеті жоқ – шот алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. ЕЗЖ есебі жүргізілетін ЖЗШ:

- агенттер ЕЗЖ аударған кезде ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері;
- жеке тұлға өзінің немесе үшінші тұлғаның пайдасына алғашқы жарна аударған кезде өтінішсіз ашылады.

## ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАНАДЫ МА? ОЛАРДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУШЫЛАРҒА АУДАРУҒА БОЛА МА?

Ерікті зейнетақы жарналары да, міндетті зейнетақы жарналарының барлық түрлері сияқты инвестицияланып, салымшыларға табыс әкеледі. Зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқарады. Десекте, салымшылар зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) аударуға құқылы. Олар кірістілік пен төуекелдің түрлі деңгейлеріне ие сан алуан инвестициялық стратегияларды ұсынады. Егер ИПБ-ға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының 50% дейінгі мөлшерін аударуға рұқсат етілсе, ерікті зейнетақы жинақтарын толық көлемде сеніп тапсыруға болады.

Зейнетақы жинағының бір бөлігін ИПБ-ға аудару салымшының өтініші бойынша жүргізіледі. Оны Қор сайтындағы жеке кабинетте немесе БЖЗҚ-ның кез келген филиалында электрондық форматта беруге болады.

Инвестициялау нәтижелері бойынша басқарушы компанияны өзгертуге болады, бірақ мұндай мүмкіндік жылына бір рет қана беріледі. Осылайша, зейнетақы активтерін басқаруға қатысу - ЕЗЖ-нің тағы бір артықшылығы.

## АЙТЫҢЫЗШЫ, ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ ЕСЕБІНЕН ТӨЛЕМДЕРДІ ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін зейнет жасына толғанға дейін – 50 жастан бастап алуға болады. Сонымен қатар, олар мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдер алуға өтінішті БЖЗҚ-ға тапсыру қажет. Өтініш беру тәсілдері: enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинет арқылы, сондай-ақ БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесіне келіп жүзеге асыруға болады.

Барлық жарна түрлері есебінен

қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасын enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте 24/7 режимінде қадағалауға болады.

БЖЗҚ сайтында оларды БЖЗҚ-ға беру тәсіліне қарай қажетті құжаттардың тізбесі, оларды рәсімдеуге қойылатын талаптар, сондай-ақ, өтініш бланкілері мен оларды толтыру үлгілері, сенімхат үлгісі орналастырылған. Сондай-ақ, БЖЗҚ-ның «Төлем құжаттарын алдын ала тексеру» электрондық қызметін пайдалана отырып, БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерін рәсімдеу үшін жіберілетін құжаттарды алдын ала тексеруге болады.

«БЖЗҚ» АҚ салымшының ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) аудару туралы уақытылы шешім қабылдауы оған зейнетақы капиталын едәуір толықтыруға және болашақта жоғары төлемдер алуға септігін тигізетіндігін еске салады.

## ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ МҰРАҒА БЕРІЛЕ МЕ?

Зейнетақы жинақтары, оның ішінде ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинағы бар адам қайтыс болған жағдайда, оның зейнетақы жинағы Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. Атап

айтқанда, зейнетақы жинақтарын мұраға беру өсиет немесе заң бойынша жүзеге асырылады. Өсиет болмаған кезде немесе бүкіл мұраның тағдырын анықтай алмаған кезде, сондай-ақ, басқа жағдайларда мұрагерлік заң күшіне енеді.

## ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Азаматтар ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) өз қалауы бойынша төлейді, олардың мөлшері мен кезеңділігін дербес белгілейді. ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алу тәртібін де алушы БЖЗҚ-ның зейнетақы ережелеріне сәйкес дербес айқындайды. Бұл жарналардың осы түрінің көп артықшылықтарының бірі ғана. Сондай-ақ, салық заңнамасында жеке тұлғаның ЕЗЖ-ны өз табысы есебінен төлеген кезде төленетін сомаға салық шегерімі көзделген.

Жұмыс берушілерге келетін болсақ, олар да салықтық жеңілдіктерге ие болады. Мәселен, жұмыс берушінің қызметкердің пайдасына аударған ЕЗЖ жеке тұлғаның табысы ретінде қарастырылмайды, жұмыс беруші үшін мұндай шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегеріледі. Яғни, бұл жағдайда жұмыс беруші салықтық жеңілдіктерге ие болады.

## МӘМС: ӨЗЕКТІ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР

Қандай жағдайларда учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз бейінді мамандарға жүгінуге болады, медициналық қызметтерді күту уақыты қанша? Осы және басқа да сұрақтарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова жауап берді.

Дәрігерлердің жүктемесі артып, қабылдауға жазыла алмаса, не істеу керек?

Медициналық қызметті күту мерзімі 15 жұмыс күнінен аспауы тиіс. (МӘМС жөнінде (немесе) ТМҚК шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шартының талаптарының орындалуын мониторингтеу қағидаларына сәйкес).

Егер емханада осы мерзімде дәрігерге жазылу мүмкін болмаса, қажет болса, пациентті бірлесіп жұмыс істейтін басқа клиникаға жібере алады.

Егер 15 күннен ұзақ күтетін жағдай болса және пациент басқа клиникаға жіберілмесе, ол пациентті қолдау қызметіне жүгінуге керек. Онда пациенттердің шағымдарын қарастырып, мәселелерді шешумен айналысады.

Сонымен қатар, МСАК ұйымдарында «фильтр-кабинеттер» бар. Онда инфекциялық ауруларға күдік болған жағдайда дәрігер қабылдауына алдын ала жазылусыз баруға болады (Қазақстан Республикасында алғашқы медициналық-санитариялық көмекті ұйымдастыру стандартының 110-тармағына сәйкес, ол ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 30 наурыздағы № 49 бұйрығымен бекітілген).

Учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз бейінді мамандарға қаралуға бола ма?

Иә, кейбір жағдайларда бейінді маманға алғашқы буын дәрігерінің жолдамасынсыз жазылуға болады (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығымен бекітілген амбулаториялық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмекті көрсету қағидаларының 12-тармағына сәйкес):

1. шұғыл жағдайлар және жаракат алу;
2. стоматологиялық көмек алу үшін жекелеген санаттағы пациенттердің жүгінугі;
3. дерматовенерологиялық бағыттағы ауруларға байланысты бейінді маманға жүгінугі;
4. акушер-гинекологқа (жүктілік есебіне қоюдан басқа жағдайларда) және тіркелген жері бойынша психологқа жүгінугі;
5. онкологиялық және гематологиялық бейіндегі ауруларға күдік туындаған жағдайда бейінді маманға жүгінугі;
6. жастар денсаулық орталықтарына жүгінугі (өз еркімен);
7. динамикалық бақылауда тұрған пациенттің бейінді маманға жүгінугі;
8. бір жағдай аясында бейінді маманның қайта қабылдауы, сондай-ақ жаңа түзіліске күдік туындаған жағдайда;
9. кошпелі медициналық кешендер мен медициналық пойыздар қызметін алу.

Пациентті қолдау қызметі дегеніміз не және ол қалай жұмыс істейді?

Пациентті қолдау және ішкі аудит қызметі медициналық ұйымдар деңгейінде пациенттердің шағымдарын «осы жерде және дәл қазір» қағидаты бойынша жедел шешу үшін қарастырылған. Ол пациенттердің шағымдарын қарастырып, қажет болған жағдайда олардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды.

Пациентті қолдау қызметі пациенттердің медициналық қызметтерді алу барысында туындаған жағдайларды реттеумен айналысады. Оған пациенттердің өздері де, олардың туыстары да жүгіне алады.

## «ҰМАЙ» ИПОТЕКАСЫ: БАСПАНАСЫ БОЛСА ДА БӘРІБІР

2025 жылы «Ұмай» бағдарламасында депозиттегі сыйақы мөлшеріне баса назар аударылды. Яғни, сыйақысы көбірек қатысушының конкурстан өту мүмкіндігі жоғары болады.

Шарттары:

- Пайыздық мөлшерлемесі 14,4 %, кейірінен 3,5–5 пайызға төмендейді;
- Бастапқы жарнасы 15–20 %;
- Берілетін несие мөлшері 50 миллионға дейін;
- Бағдарламаға өтініш берушінің табысы 900 мың теңге болуы тиіс;
- Ипотека мерзімі 25 жылға дейін.

Бағдарламаның ерекшеліктері:

- Бұл бағдарлама тек табысы ресми түрде расталған әйелдерге арналған;
- Мұнда «басында баспанасы болмауы керек» деген қатып қалған талап жоқ, Яғни, өтініш білдіруші осы бағдарламамен өзінің екінші, үшінші пәтерін ала алады;
- «Ұмай» арқылы жаңа үйлерден де, қайталама нарықтағы үйлерден де баспана таңдауға мүмкіндік бар;
- Өтініш білдіруші бағдарламаға қатысу үшін өзінің зейнетақы қорындағы артық ақшаны пайдалана алады.

Бағдарламаға қатысушы келетін әйелдер қазірден депозитін аша берсе болады.

## КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДЕГІ ИПОТЕКАЛАР

Коммерциялық банктерде ипотеканың екі түрі рәсімделіп жүр: 1) жеке баспана – жаңа үйлерден не қайталама нарықтан үй алу; 2) құрылыс салушымен серіктестік (тек жаңа үйлер).

Шарттары:

- Пайыздық мөлшерлемесі 0,1 пайыздан 21 пайызға дейін;
- Ипотека мерзімі 6 айдан бастап, 20 жылға дейін;

Бастапқы жарна 20 пайыздан басталады. Бірақ, бастапқы жарнаны талап етпейтін де бағдарламалар бар, олар қосымша кепіл талап етеді.

Жаңадан салынған тұрғын үйлердегі пәтерді Еуразия банкі, Altyн, Halyк, ЦентрКредит, Фридом Банк Қазақстан, ForteBank, Отбасы банктерде

рәсімдеуге болады.

Қайталама нарықтағы пәтерлерді Altyн, Halyк, Банк ЦентрКредит, Фридом Банк Қазақстан, ForteBank, Hұрбанк, Отбасы банктер арқылы алуға болады.

Көптеген банктерде кем дегенде 20 пайыз көлемінде бастапқы жарна талап етіледі. Форте банкте бастапқы жарна мөлшері 15 %, Hұрбанкте 30 %. Ал Банк ЦентрКредитте пәтерді бастапқы жарнасыз рәсімдеуге болады, алайда, ол үшін қосымша тағы бір жылжымайтын мүлікті кепілге қою міндетті. Ипотека мерзімі 20 жылға дейін.

Ең төменгі пайыздық мөлшерлеме Отбасы банкте, 3,5 пайыз бен 10 пайыз аралығында. Ал, қалған банктерде пайыздық мөлшерлеме көлемі 17,2 пайыздан 19,5 пайызға дейін.

## КӨЛІКТІ СУ ТАСҚЫНЫ МЕН СУ БАСУДАН ҚОРҒАУҒА БОЛА МА?

Табиғи апаттардан қорғану қиын, алайда олардың салдарын сақтандыру арқылы азайтуға болады. Көлікті қорғау тәсілдерінің бірі – КАСКО ерікті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (бұдан әрі – КАСКО).

КАСКО дегеніміз не?

Көп адам ойлайтындай, «КАСКО» – аббревиатура емес. «КАСКО» сөзі испан тілінен шыққан (casco – исп.), «дулыға» дегенді білдіреді немесе голланд тілінен аударған кезде «корпус» деген мағынаны білдіреді. КАСКО – бұл сіздің көлігіңіздің зақымдануын жабатын ерікті сақтандыру, ал ҚКІ АЖМС (жүргізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті

сақтандыру) үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікті жабады және сақтандырудың міндетті түрі болып табылады.

Су тасқыны мен су басу кезінде КАСКО нені өтейді?

КАСКО сақтандыру полистерін сатып ала отырып, автокөлік иесі өзін ЖКО-дан ғана емес, сонымен қатар автомобильге зиян келтіруі мүмкін түрлі күтпеген жағдайлардан да сақтандырады. Мысалы, табиғи апат, су тасқыны немесе қатты жаңбыр болсын.

Автокөлікті ерікті сақтандырудың бұл түрі апаттар, ұрлау, өрт және табиғи апаттар сияқты әр түрлі күтпеген жағдайларда түрлі шығындардан

немесе автокөліктің ұрлануынан қорғауды қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайда сақтандыру компаниясы жасалған шартқа сәйкес залалды өтеуге немесе автокөлікті жөндеуге міндеттенеді.

Қазақстандағы КАСКО стандартты бағдарламалары табиғи апаттардың барлық түрлерінен қорғауды қамтымауы мүмкін. Қорғауға сенімді болу үшін су тасқынына байланысты төуекелдерді қамтитын кеңейтілген қамту шартын таңдау керек.

**Маңызды:** КАСКО шартын сатып алмас бұрын, төуекелдер тізбесімен танысып, су тасқыны немесе су басу осы тізімге енгеніне көз жеткізу керек.

## «7-20-25» ҚИЫНДЫҚТАРЫ БАР

2018 жылы ашылған бұл бағдарлама әлі жұмыс істеп тұр. Бағдарлама жылына тек 100 миллиард теңге көлемінде қаржыландырылады. Пәтер таңдау мәселесі қиын. Дайын, әлі сатылмаған пәтерлер саны аз. Нарықтағы көптеген пәтердің бағасы бағдарлама шартында көрсетілген 15-25 миллион теңгеден қымбат. Содан да 7-20-25 бағдарламасының қиындықтары бар

- Пайыздық мөлшерлемесі – 7 %;
- Бастапқы жарна 20 пайыздан басталады;
- Астана, Алматы, Шымкент, Ақтау, Атырау қалаларына 25 миллион теңге, Қарағанды мен Түркістанға 20 миллион теңге, өңірлерге 15 миллион теңгеге дейін несие беріледі;
- Сатып алынғалы отырған үй кепілге қойылады;

Қарызды өтеу мерзімі 25 жылға дейін; Тек құрылыс салушылардан сатып алған жаңа үйлерден пәтер алуға болады. Ол үй қолдануға берілген болуы шарт. Объектілердің тізімі жоқ, сатып алушы пәтерді өз бетінше іздеуі қажет; Өтініш берген азаматтың басында баспанасы болмауы тиіс Алайда жатақханадағы бөлме, апат жағдайындағы тұрғын үйлер есепке алынбайды); Несиені бір рет қана рәсімдеуге болады; Өтініш берушінің басында басқа ипотекасы болмауы тиіс.

Бұл бағдарламамен «Банк ЦентрКредит», Фридом Банк Қазақстан, Halyк, РБК, Алтын, Форте және Еуразия банкінде несие рәсімдеуге болады. Баспананы сатып алушының өзі іздеп табуы тиіс.

## «НАУРЫЗ» ЖӘНЕ «ОТАУ» БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ШАРТТАРЫ БІРДЕЙ

2025-ші жылы екі ипотека іске қосылды. «Отау» – Отбасы банкінің өнімі. «Наурыз» бағдарламасыменде Отбасы банк арқылы несие алуға болады. Бірақ, субсидия мемлекеттен беріледі.

Бастапқыда екеуінің шарттары әртүрлі болғанменен 2025 жылы бұл бағдарламалардың шарттары бірдей болмақ.

Пайыздық мөлшерлемесі – 9 %. Әкімдік кезегінде тұрған әлеуметтік жағынан осал топтар үшін – 7 %, бірнеше жылдан кейін ол 4 пайызға дейін төмендейді;

Бастапқы жарна 20 пайыздан басталады;

Несиені өтеу мерзімі 19 жылға дейін;

Астана мен Алматы үшін берілетін несие мен көп мөлшері 36 миллион теңге, басқа қалалар мен өңірлер үшін 30 миллион теңгеге дейін.

Өтініш берушіге қойылатын талаптар: Өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің, яғни жолдасы, көмелет жасқа толмаған балалары атында соңғы бес жыл

көлемінде баспана болмауы керек;

Отбасы банкте кемі 18 ай бойы жиналған ең аз дегенде 1 миллион теңге қаражатының болуы; Бұл бағдарламалар арқылы жаңа пәтермен қатар, қайталама нарықтағы пәтерлерді де, тіпті жер үйлерді де қарастыруға болады. Жаңа үйлерді үлкен қалалардан, қайталама нарықтағы үйлерді ауылдар мен моноқалалардан таңдауға болады. Жаңадан салынған үйлерді Отбасы банкінің арнайы бөлімінен іздеу қажет.

Займ шарттары: Берілетін несие мөлшері 100 миллион теңгеге дейін; Несие беру мерзімі 25 жылға дейін; Жаңа үйлерден, салынып жатқан үйлерден, сондай-ақ, қайталама нарықтан да баспана алуға болады. Одан бөлек, жер телімін алып, жер үй салуға, жөндеуге несие алуға болады.

“Университет аруы – 2025”:

# СҰЛУЛЫҚ ПЕН АҚЫЛ ҮЙЛЕСІМІ

## “БАЙҚАУ МЕН ҮШІН ҮЛКЕН МЕКТЕП БОЛДЫ”

Жыл сайын дәстүрге айналған “Университет аруы” байқауы биыл да жоғары деңгейде өтті. Бұл шара тек сұлулық пен сәннің ғана емес, ақыл мен парасаттың, өнер мен білімнің тоғысқан алаңы. Қатысушылар өздерінің жан-жақты қырларын көрсетіп, ерекше өнерімен, эрудициясымен және сахналық шеберлігімен көзге түсті.



Бас жүлде иеленіп жеңімпаз атанған Әбдіғали Назар бізбен өз әсерлерімен бөлісті.

– Назар, жеңісіңізбен құттықтаймыз! Байқауға қатысу туралы шешімді қалай қабылдадыңыз?

– Көп рақмет! Мен бұл байқауға “Алтын күз – 2024” байқауында бас жүлде алып, тікелей жолдама жеңіп алған соң қатыстым. Осы сәттен бастап көптеген жаңа мүмкіндіктерге ие болдым. Соның бірі – талапкерлерді университетке шақыратын желінің “амбассадоры” атануым. Байқау маған өзімді жаңа қырымнан танытуға және сенімділігімді арттыруға үлкен мүмкіндік болды.

– Байқау барысында сіз үшін ең қиын болған сәттер қандай еді?

– Ең басты қиындық – уақытты тиімді басқару болды. Сабақ, дайындық және жеке өмір арасында тепе-теңдік сақтауға тырыстым. Сонымен қатар сахнада өзімді еркін сезіну, қобалжуды жеңу де біраз еңбекті қажет етті. Бірақ бұл қиындықтар маған үлкен тәжірибе сыйлап, өзімді жетілдіруге көмектесті.

– “Университет аруы” қандай қасиеттерге ие болуы керек деп ойлайсыз?

– Бұл тек сұлулықпен ғана өлшенбейді. Ол ең алдымен ақыл-парасатты, өзіндік көзқарасы бар, жан-жақты дамыған, өз ортасына позитивті әсер ете алатын тұлға болуы керек. Сондай-ақ, өзіне деген сенімділік, әдептілік және сымбаттылық та маңызды рөл атқарады деп ойлаймын.

– Бұл жеңіс сіздің болашақ жоспарларыңызға қалай әсер етті?

– Бұл жеңіс маған үлкен серпін берді. Байқау барысында алған тәжірибем болашақта жаңа белестерді бағындыруға көмектеседі деп сенемін. Сондай-ақ, бұл менің өзіме деген сенімділігімді одан әрі арттырып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

– Университет жастарына қандай кеңес берер едіңіз?

– Өздеріңізге сенімді болыңыздар және кез келген мүмкіндікті пайдалануға тырысыңыздар. Қорқыныш пен күмәнге берілмеңіздер, ең бастысы – өзіңізді дамыту, еңбектену және өз-өзіңізді сүйу. Сонда ғана сіз кез келген қиындықты еңсеріп, мақсатыңызға жете аласыз!

“Университет аруы – 2025” байқауы – талантты, ақылды, көркем арулардың басын қосатын ерекше жоба. Бұл сайыс тек сұлулықты емес, жан-жақты дамуды, білім мен өнерді бағалайтын алаң екенін тағы да дәлелдеді.

Біз барлық жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз! Алдағы уақытта оларды жаңа белестер, үлкен мүмкіндіктер күтіп тұрғанына сенеміз.



Нурмашева Аязжан I-ші вице мисс



Прокочук Ангелина II-ші вице мисс

Биылғы байқау ерекше тартысты өтті. Өрбір ару өзіндік даралығымен ерекшеленіп, көрермендерді тамсандырды. Жарыс барысында олардың тек сыртқы сұлулығы ғана емес, интеллектісі, көшбасшылық қасиеттері мен шығармашылық қабілеттері сыналды.

“Университет аруы – 2025” байқауы бірнеше кезеңнен тұрды: Таныстыру кезеңінде қатысушылар өздерін ерекше стильде таныстырып, жеке тұлғалық ерекшеліктерін көрсетті.

Шығармашылық өнер көрсету кезеңінде арулар би билеп, ән айтып, сахналық қойылымдар арқылы өздерінің ерекше қабілеттерін паш етті.

Зияткерлік сайыс кезеңінде логикалық сұрақтар қойылып, қатысушылардың білім деңгейі мен ойлау қабілеті сыналды.

Сән көрсетілімі кезеңінде қатысушылар сахнада өздерін сенімді ұстап, сән үлгілерін көрсетті. Өр кезеңде арулар тек көркімен ғана емес, өзіндік харизмасымен, дарынымен және білім деңгейімен ерекшеленді.

Байқаудың әділдігін қамтамасыз еткен қазылар алқасының құрамында:

Мәдениет саласының үздігі, “Шапағат” медалінің иегері Орынкүл Балтабайқызы. “Қазақ аруы – 2013” байқауының жеңімпазы Айгерім Қанатбаева. “Университет аруы – 2022” жеңімпазы Карл Нұрай. Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары басқармасының басшысы

Жанар Бимұратқызы. Жас кәсіпкер, UMMA Coffee желісінің негізін қалаушы Дәрібай Рахат болды. Қазылар әр қатысушының өзіндік стиліне, сахнадағы үйлесімділігіне және интеллектуалдық деңгейіне ерекше назар аударды.

Жұлделі орын иегерлері

Байқаудың бас жүлдесін Әбдіғали Назар (ҚТӘ-24-1 оқу тобы, Гуманитарлық педагогика институтының 1-курс студенті,

5-жатақхана атынан қатысушы) жеңіп алды. Ол өзіне тән сымбаттылығы, ақылдылығы, сахнадағы сенімділігі арқылы көпшілікті баурап алды.

I вице-мисс Гуманитарлық педагогика институт студенті Нурмашева Аязжан, II вице-мисс Педагогика және дәстүрлі өнер институты, ДИЛМАШ жатақханасы атынан қатысушы Прокочук Ангелина, III вице-мисс Жаратылыстану институтының студенті Жақсылықова Анеля. Сондай-ақ, ерекше номинациялардың бірі “Көрермен көзайымы – 2025” атағы Гуманитарлық педагогика институтының студенті Абылай Аружанға берілді.

Айта кететін жайт байқау барысында Прокочук Ангелина “Сыр



Жақсылықова Анеля III-ші вице мисс



Көрермен көзайымы-2025

аруы – 2025” республикалық байқауына жолдама жеңіп алды. Бұл оның университет атынан үлкен сахнада бақ сынайтынын білдіреді.

Қазына ҚҰЛМЫШОВА

## 1000 АҒАШ – 1000 АРМАН



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы аясында Ботаникалық бақ және жылыжай шаруашылығы аумағына мың түп тал өгілді.

Акцияның ресми ашылуына Басқарма төрағасы-ректордың міндетін атқарушы Майнұр Бөрібаева, облыстық

табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының орынбасары Мәріп Акбар, Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Жандос Базартай, облыстық мекеме қызметкерлері, университет ұжымы мен білім алушылары және қала тұрғындары қатысты.

Өрбір отырғызылған ағаш – келешекке деген үміт пен арманды, сондай-ақ, тұрақты дамуға және табиғатпен үйлесімді өмір сүруге деген ұмтылысты білдіреді. Игі шара университеттің белсенді студенттерінің концерттік бағдарламасына жалғасып, қатысушыларға ыстық бауырсақ таратылды. Сонымен қатар «Eco life» студенттік клубының мүшелері барлық жастарға челлендж жолдады. Наурыз айынан бастап университеттің барлық оқу ғимараттарында тұрақты түрде табиғатты қорғау мақсатында сенбіліктер өтуде.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің медиа орталығы

